



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Шет ауданы
жарықсыз қалды

2-бет

Ғибратты
ғұмыр

4-бет

Мәдидің
ертоқымы

8-бет

Ассамблея мұраты – адалдық

Елімізде жүзден астам ұлт пен этнос бейбітшілік пен келісімде өмір сүреді. Оларды бір шаңырақ астына біріктіріп, бірлік пен ынтымақтастықты сақтаудағы, татулықты қамтамасыз етудегі ролі зор Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына биыл – 30 жыл. Осы уақыт аралығында этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі ретінде әлемде баламасы жоқ Ассамблея белсенділікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке баулитын институт ретінде танылды. Бір халық болып тұтасу нәтижесінде экономикалық өрлеуге, әлеуметтік әлеуетке және демократиялық дамуға қол жеткіздік. Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойлық жылы Қарағандыдан бастау алды. Атап айтқанда, «Адал азамат» жобасының жеңімпаздары марапатталды. Облыстың ҚХА «Ақсақалдар кеңесінің» бастамасымен өткен ерекше байқау Ассамблеяның 30 жылдығы мен «Жұмысшы мамандықтары жылына» орайластырылды. Ал, Қарағанды тәжірибесі негізінде «Адал азамат» жобасы ел бойынша кең көлемде насихатталатын болады.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Қарты бар елдің қазынасы бар»

Арқа төсінде өткен алқалы жиынға ҚХА төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, сондай-ақ, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, соның ішінде Сәт Тоқпақбаев, Жамбыл Артықбаев, Бүркітбай Аяған, этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин және республиканың түпкір-түпкірінен ҚХА «Ақсақалдар кеңесінің» төрағалары қатысты.

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құттықтау сөзінде Ақсақалдар кеңесінің дәстүрлерді сақтаудағы және жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерекше ролін атап өтті.

– Ассамблея өз қызметінің 30 жылы ішінде қоғамдық татулық пен ауызбіршілікті бекемдейтін негізгі институтқа айналды. ҚХА-ның барлық құрылымдары еліміздің әлеуметтік және қоғамдық дамуына айтулы үлес қосып келеді. Оның ішінде, «Ақсақалдар кеңесінің» ролі өте зор. Себебі, халқымыздың даналығы, ақыл-ойы мен тәжірибесі солардың



бойларында тұнып тұр. Ақсақалдарымыз – тарихымыздың, негізгі генетикалық және этникалық қорымыздың сақтаушылары, – деген Ермағанбет Қабулаұлы шараға республиканың түпкір-түпкірінен тәжірибелерімен бөлісуге арнайы

келген ақсақалдарға алғысын білдірді.

Сондай-ақ, облыс басшысы жергілікті тұрғындардың сапалы құрамы еңбек адамының оң имиджін қалыптастырудың берік негізі екенін атап өтті.

– Биыл «Ақсақалдар кеңесінің» отырысын Қарағандыда өткізуді жөн санадық. Себебі, биылғы жылды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Ал, Қарағанды – жұмысшылар өңірі. 500

мыннан астам жұмысшы дәл осы өңірде еңбек етуде. Бүгінгі шарада озық тәжірибелермен бөлісіп қана қоймай, «Ақсақалдар кеңесінің» «Адал азамат» жобасының аясында дәл сондай азамат тәрбиелеу, өнегелі тәрбие беру жолдарын талқылаймыз, – деді Марат Әзілханов.

Қарағандыға еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының көшбасшыларының бірі ретінде баға берген Марат Алмасұлы ұтымды қоғамның өзегі – жұмысшылар, еңбек адамы екенін атап айтты.

Еңбек адамы – елдің құты

Алғаш рет өткізіліп отырған «Адал азамат» жобасының жеңімпаздары – күнделікті еңбегімен өңірдің ғана емес, елдің дамуына зор үлестерін қосып жүрген жұмысшы мамандықтарының өкілдері. Себебі, аталған жоба адамгершілігі жоғары және жауапты тұлғаларды тәрбиелеуге бағытталған. ҚХА құрылымдарының басшыларынан құралған комиссия жеті номинация бойынша үздік өкілдерді анықтады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жеңімпаздарды іріктеу кезінде олардың кәсіби еңбегіне ғана емес, сондай-ақ, «Адал азамат» идеясының құндылық бағдарларын бейнелейтін жеке қасиеттерінің болуына да басты назар аударылған. Себебі, Мемлекет басшысы өз сөзінде «Адал азамат» тұжырымдамасының терең мағынасын түсіндіре отырып, жауапты азаматтың негізгі қасиеттері патриоттық, білімділік, еңбекқорлық, кәсіптік, жауапкершілік, әділдік, үнемділік және

жауаптылық екенін бірнеше рет атап өткен болатын.

Сонымен, «Ерен еңбек иесі» номинациясының үздік өкілі ретінде Т.Күзембаев атындағы шахтаның алдыңғы қатарлы бригадаларының бірінің ұңғымашысы Нұрлан Сатмағамбетов танылды. «Шахтер даңқы» белгісінің толық кавалері болып табылатын ол «Адал азамат» идеясының «Еңбекқорлық» сапасының бейнесі болып табылады. Нұрлан Рашидұлы өмірінің 36 жылын шахтадағы жұмысқа арнаған. Өндірістік тапсырмалар мен көрсеткіштерді орындауда үнемі алдыңғы сапта көрінетін ол жас кадрларды тәрбиелеп, оларға тәлімгер болып келеді.

– Марапат мен үшін күтпеген жағдай болды. Шахтада ұңғымашы болып жұмыс істегенімде 36 жыл болыпты. Әскери міндетімді өтеп келгеннен соң, ұңғымашы мамандығына оқып, жұмысқа кірістім. Еңбегімдіздің елегеніне қуаныштымын, – дейді Нұрлан Рашидұлы.

Ал, «Ұлағатты ұстаз» номинациясындағы үздік өкіл, «Адал азамат» идеясының «Білімділік» шығармашылық сапасының бейнесі ретінде Вячеслав Варзин танылды. 60 жастағы Вячеслав Витальевич – Теміртау қаласының №14 мектеп-лицейінің физика және робототехника мұғалімі.

► 2-бет

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

«Орталықтың» ормандай оқырманы қайда?

2005 жылы газеттің №1-2 нөмірінде басылымның сол кездегі редакторы «Құрметті оқырман, өздеріңіз бағалаған басылым таралымы 15 мың дана болды. ...Бұдан 7 жыл бұрын газеттің таралымы 3,5 мың болатын. 5 есе өстік!»

...Жылдағыдай, Қарқаралы ауданы қамшы салдырмай қара үзді», – деп жазған екен. Аталған 15 мың дана газеттің ширек бөлігін қарқаралылықтар жаздырып алыпты. 2008 жылы «Орталық Қазақстанның» таралымы 19573 данаға жеткен дүр. Соған сай, газетті жаздырып алып оқытын Қарқаралы ауданы тұрғындарының саны да өсе түскен. Облыстық басылым бұдан кейінгі жылдары да өңір оқырмандарының оң ықпалында болды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның сөзімен айтқанда, облыс халқының «...көзі, құлағы һәм тілі» болып отырған басылымды биыл, яғни, 2025 жылы жаздырып алған қарқаралылықтардың санын көргенде тіліміз байланып қала жаздады. Бар болғаны – 386 дана. Соңғы бірер жылдың ішінде өңірдегі оқырмандар саны ондаған есеге азайып кеткен. Тіпті, Қарқаралының атына ұят екен! Ұлы тұлғалар шыққан, Алаш ардақтыларының, айдай әлемге танылған ақын-жазушылар мен ғалымдардың кіндік қаны тамған қасиетті топырақта санаулы ғана сауатты адам қалған сияқты әсер етті жоғарыдағы дерек.

Әрине, электронды ақпарат құралдары қарыштап дамыған кәзіргі таңда адамдардың жергілікті аумақта, елімізде, әлемде болып жатқан жаңалықтарды алу

жолдары да, мүмкіндігі де мол. Дегенмен, олардың арасында ақиқатқа, өмірдің шындығына сай келмейтін жалған деректер де көп ұшырасатынын ұмытпау керек. Кім көрінген блогер болып кеткен заманда ой толғамынан, сана сұрыптауынан өтпеген ақпараттар (халықтың жалпақ тілімен айтқанда, өсек-аян) қоғамдық желілерде қаптап кетті. Бұл біздің елге ғана емес, әлемдегі көп мемлекеттерге тән құбылыс. Сондықтан, ресми көзден ақиқат, нақты хабар алу үшін электрондық ақпарат жүйесі мықты дамыған елдердің өзінде тұрғындар қалта телефонының жазбасына емес, баспасөз жарияланымдарына жүгінеді. Азия мен Америкадағы озық елдердің, Еуропаның халықтары күнін газет оқудан бастайды. Солай болғандықтан, оларда электрондық ақпарат жүйесі қанша дамыса да, газет-журналдардың таралымы өспесе, төмен түспейді. Мәселен, Жапонияның «Асахи симбу» га-



зетінің таралымы таңертең 6 миллион, кешке 4 миллион дананы құрайды екен. АҚШ-тың беделді басылымының бірі «Нью-Йорк таймс» газеті жай күндері 1 миллион 131 мың, жексенбіде 1 миллион 681 мың данамен тарайды (бұл бірнеше жыл бұрынғы мәлімет, қазір газеттің таралымы бұдан

көп болуы мүмкін). Телефондағы хабар тез ұмытылатынын, қағазға таңбаланған ақпарат санада сақталып қалатынын ескерсек, дамыған елдерде ғылым мен техника нәліктен қарыштап дамығанының құпиясына көз жеткіземіз.

► 6-бет

• БӘРЕКЕЛДІ!

Отандық киноның олжасы

Қазақ киносы дүниежүзілік додада үздік марапатқа ие болды. Дәстүрлі әнші, өнертанушы жерлесіміз Ерлан Төлеутай басты рөлде ойнаған режиссер Елзат Ескендірдің «Әбіл» фильмі Франция мемлекетінде өткен 31-Vesoul халықаралық Азия кинофестивалінің триумфальды жеңіспен түйінделді. Бірден үш аталым бойынша мәртебелі марапатқа ие болып, фестиваль жеңімпазы атанды.


Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда «Әбіл» фильмі Jury Grand Prize (қазылар жүлдесі гран-при), Critical Jury Prize (киносыншылар жүлдесі), NETPAC Jury Prize (қазылар жүлдесі – NETPAC) бойынша үздік деп танылды.

Фильмнің басы қасында жүрген шығармашылық топ өкілдерінің айтуынша, халықаралық кинофестивальде үш бас атылымды қатарынан жеңіп алу – «Әбіл» көркем фильмінің әлеуетін көрсетті.

– Бір айға жуық мерзімге созылған сапарымыз оңай болған жоқ. Десек те Еуропаның төрі – Швеция мен Даниядан және Францияның көрікті жерлерінен, тарихи орындарынан ақпарат тарата алдық. Сондай-ақ, конкурстан тыс қатысып, еуропалық премьерасын жасаған Швецияның Геттеборг және негізгі конкурсына қатысып, үш бірдей бәйгесін жеңіп алған Францияның Везуль халықаралық фестивалдерінен жүйелі репортаждар жасап тұрдық.

Осы орайда әлеуметтік желіде жариялаған жазбаларымызбен үнемі бөлісіп және пікір білдіріп қолдаған жандарға алғыс біл-



діреміз. Қызығушылық танытқандарыңыз һәм қызу қолдағандарыңыз бізге көмек болды.

Жалпы осы жолғы сапарымызда қарапайым азаматтардың адамгершілік қолдауын жан-тәнімізбен сезіндік. Әсіресе, Швеция мен Дания және Франциядағы отандастарымыз бен қандастарымыз бізге шын жүректен тілектестік білдірді, – деп атап өтті Ерлан Төлеутай.

Ассамблея мұраты – адалдық



(Соңы. Басы 1-бетте).

40 жылға жуық оқытушылық қызметпен айналысқан ұстаз, информатика бойынша авторлық бағдарлама мен физика бойынша ғылыми-әдістемелік кешен әзірлеген. Оқушылары – көптеген халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы. Теміртау қаласында робототехниканы бірінші болып дамытқан мұғалім.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған Теміртау театрының 3-санатты тігіншісі Татьяна Рубан – «Мәдениет майталманы» номинациясының үздік өкілі, «Адал азамат» идеясының «Кәсібилік» сапасының бейнесі. Жұмысшы мамандықтарының жарқын өкілі ретіндегі Татьяна Владимировна 30 жылдан астам уақыт тігінші болып жұмыс істеді. Оның соңғы 13 жылда Теміртау театрының шығармашылық ұжымына тіккен кіндіктері жанаушылығымен ерекшеленді.

Ал, «Әділдік сақшысы» номинациясының үздік өкілі, «Адал азамат» идеясының «Әділдік» сапасының бейнесі болып табылатын Айдана Шаймерденова Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювеналды полиция тобының уәделік полиция инспекторы. Ол – облыстағы кемелетке толмағандардың қылмыстық істерін тергейтін жалғыз инспектор.

«Ержүрек құтқарушы» номинациясының үздік өкілі «Адал азамат» идеясының «Патриоттық» сапасының бейнесі болып табылатын Оған Қарағанды қаласы төтенше жағдайлар басқармасының №10 орт

сөндіру бөлімі бастығының орынбасары Мағарби Бузуркаев лайық деп танылды. Өзінің батылдығы мен кәсібилігінің арқасында «Хантер» ЖШС-нің 10 газ цистерналары жарылысы кезінде өртті сөндіруді басқарып, 53 газ балонын шығарып, адам шығынының алдын алған Мағарби Хасайнович «Төтенше жағдай кезінде өз өмірің маңызды емес, өзгеңің өмірің құтқаруды ғана ойлайсың» дейді.

Ал, «Абзал жан» номинациясының үздік өкілі, «Адал азамат» идеясының «Жауапкершілік» сапасының бейнесі ретінде Галия Мыңтаева танылды. Галия Айтбайқызы Қарағанды қаласындағы №3 емхананың отбасылық денсаулық орталығының бөлім меңгерушісі, медицина үздігі.

«Ізгілік жаршысы» номинациясының үздік өкілі «Адал азамат» идеясының «Үнемшілдік пен жауаптылық» сапасының бейнесі. Дәл осы номинацияға Арина Бекбаева лайықты деп танылды. Ерікті үйсіз жануарларға арналған баспаналармен жұмыс жасай отырып, облыста зооолонтерлікте дамытуда. 2024 жылы баспанасыз қалған көпбалалы отбасына көмек ретінде Қайырымдылық балың ұйымдастырушылардың бірі.

Облыстық ҚХА «Аксақалдар кеңесінің» төрағасы Бекзат Алтынбеков шын көңілден қуана білетін халыққа бақ та, бақыт та, құт та өзі келіп қонатынын айтады.

– Елдегі татулық пен бірлікті паш етіп, Қазақстанның басқа елдер алдында өнеге болуына 30 жылдан астам еңбек етіп келе жатқан ҚХА – іргелі институт. Қазақстан халқы

бейбітшілік пен достықты қалайды. Ол – тамаша жобалардың авторы әрі іске асырушысы. Елді шын пейілімен сүйетін, қолындағы барымен бөлісе алатын жомарт жандар Ассамблея төңірегіне топтасқан. Ал, қарағандылықтар қарапайым еңбек адамын қолдауда тек алда болмақ, – дейді Бекзат Қомарұлы.

Салтанатты шарада Марат Әзілханов «Адал азаматтың» үздік өкілі – Еңбек адамы Несібелді Досанованы ерекше атады. Ол көптеген жылдар бойы сауыншы ретінде еңбек етіп, Бұқар жырау ауданының қоғамдық саяси өміріне белсенді қатысады.

«Кеңесіп пішкен тәтті келте болмайды»

Іс-қаралық ресми бөлігінен кейін аксақалдар кеңесінің «Адал азамат – қоғам бірлігінің негізі» атты республикалық отырысы өтті. Отырысты облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей жүргізді. Отырысты ашқан ол Қарағанды облысының ерекшелігіне тоқталды. Бұл бейбітшілік пен келісімде 100-ден астам этнос тұратын өңірдің позитивтілігі екенін, сондай-ақ, дөңгелек үстелде «Адал азамат» жобасын жүзеге асыру талқыланатындығы маңызды екенін атап өтті.

Ал, Марат Әзілханов өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, моральдық бағдарларды қалыптастыруда және этносаралық келісімді нығайтуда аксақалдар кеңесінің шешуші ролін атап өтіп, өңірдегі белсенді аксақалдарды Алғыз хаттармен марапаттады.

Қазақстан Республикасы Мәде-

ниет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин «Адал азамат» Қазақстан халқы Ассамблеясының Аксақалдар кеңесі жобасын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы баяндамасында өңірлердегі Аксақалдар кеңестерінің қызметін қолдау және дамыту тетіктерімен бөлісті.

Қостанай облысының Аксақалдар кеңесінің төрағасы Қалқаман Жақып болса, жастардың бойында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу бойынша өңір тәжірибесімен бөлісіп, бұл үдерістегі аксақалдардың рөліне тоқталды.

ҚХА Аналар кеңесі төрағасының орынбасары Баян Ахатай отбасылық тәрбиенің, дәстүрлі құндылықтарды нығайтудың және аксақалдар мен аналардың әлеуметтік мәселелердің алдын алуға біріккен күш-жігерінің маңыздылығына назар аударды. Ал, аксақалдардың этномәдени бірлестіктермен өзара іс-қимылының маңыздылығы туралы Алматы қаласы Аксақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Болат Оспанов мәлімдеді.

Жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастыру туралы Павлодар облысы Аксақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Василий Рак бөлісті.

Ал, профессор, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбеков «Адал азамат» тәрбиесіндегі «Алаш идеясының іргетасы» тақырыбында өңімелді.

Жыңға қатысушылар Қазақстан халқы Ассамблеясының Аксақалдар кеңесі бастамасымен «Адал азамат» жобасын талқылады. Жоба жетекшісі – Қарағанды облысының Аксақалдар кеңесінің төрағасы Бекзат Алтынбеков.

«Адал азамат» жобасы жастарды да, ересек ұрпақты да қамтитын әлеуметтік топтардың кең ауқымына бағытталған. Мақсаты – азаматтарда отансүйіштік, әлеуметтік жауапкершілік, Қазақстанның еңбегі мен мәдени мұрасын құрметтеу құндылықтарын қалыптастыру. Отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар «Адал азамат» жобасы аясында өскелең ұрпақты тәрбиелеу бойынша жұмысты күшейту қажеттігі туралы шешім қабылдады.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Еңбек адамының да айтары бар

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың еңбек ұжымдарымен кездесуі жалғасуда. Бұл жолы Қарағанды қаласының әкімі, облыстық басқармалар мен ведомстволардың басшыларымен бірге «Қарағанды-Нан» зауытына арнайы барып, ұжыммен кездесу өткізді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Кездесу барысында ұжым қызметкерлері кеншілер астанасын дамыту мен абаттандыруға қатысты сұрақтарын қойды.

– Осындай кездесулерді жұмыс орындарына барып, жұмыскерлердің болашаққа жоспарларын тыңдап, ой бөлісіп, ұсыныс-пікіріне құлақ тұру үшін арнайы өткіземіз. Сіздердің кәсіпорының жұмысы тұрғындар үшін өте маңызды. Өйткені, сіздер тұрғындарды нан қамтамасыз етесіздер. Зауытта мыңға жуық адам жұмыс істейді. Елімізде сұранысқа ие өнім экспортқа шығарылады. Қаламызды дамыту мен абаттандыру мәселесіне келсек, жалпы, қаламыз дамып келеді. Өздеріңіз көріп отырғандай проблемалық мәселелер жоқ емес. Алайда, қазір қала экономикасы тұрақты. Біз былтыр ауқымды жобаларды іске қостық. Оның ішінде, тұрғын үйлер мен мектептер бар. Газдандыру жұмысы белсенді жүргізілуде. Бірқатар ірі өнеркәсіптік жобаларды іске асырып жатырмыз. Қаланы абаттандыруға жіті көңіл бөлінуде, биыл облыс орталығының Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдық бөлігін дамытуға баса назар аударамыз, – деп атап айтты Ермағанбет Бөлекпаев.

Кездесуге қатысушылар газдандырудың алдағы жоспарларын қызығушылық танытып, кәсіпорындар болашақта көгілдір отынға ауысуға мүмкіндігі туралы деп сұрады.

Бұдан бөлек, үшінші жылу құбырын іске қосу жылу қуаттарының тапшылығына оң әсер етеді.

Сонымен қатар, қызметкерлер Оңтүстік-Шығыстың дамуын ескере отырып, кәсіпорын ауданына автобус бағытын жіберуді туралы сұрады. Мәселені шешу

мүмкіндіктері алдағы уақытта қарастырылатыны айтылды.

Ал, тұрғын үй мәселесі өзекті болып қала бермек. Кездесуде «Отбасы банк» филиалының директоры Бауыржан Жұсабаев жұмысшы мамандықтарға арналған арнайы ипотекалық бағдарламалар туралы кенінен айтты берді.

Кәсіпорын басшылығын өз қызметкерлерінің тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін жеңілдікті ипотека бағдарламасына қатысуға шақырды.

Сонымен бірге, медициналық қызмет көрсету мәселелері де ортаға салынды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова скринингтер, кәсіби тексерулер өткізу үшін мамандардың кәсіпорынға шығуын ұйымдастыруды ұсынды.

– Ұжымның негізінен әйелдер екенін ескерсек, бұл – өте өзекті. Скринингтік зерттеулерден өту үшін жұмыскерге үш күндік әлеуметтік демалыс беруге де болады. Бірақ, оны пайдаланатындар аз шығар. Бізге сіздердің қамдарыңыз үшін өзіміз келген оңайырақ, – деп мәлімдеді Бибігүл Төлегенова.

Сондай-ақ, жұмысшы мамандарды қолдау және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар айтты берді. Оның айтуынша, бүгінде облыс бойынша үш мыңға жуық бос жұмыс орны бар.

Айта кетерлігі, Мәсап орталықтарында мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындары да қарастырылған. Қарағандыда еңбекке қабілетті халықтың жұртшысына жұмысшы мамандықтарымен айналысады. Шағын және орта бизнес иелері 146 мыңға жуық тұрғынды жұмыспен қамтып отыр.

Өз тілшімізден

● ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Шет ауданы жарықсыз қалды

Шет ауданы халқының дәл бүгінгі өркениет дәуірінде осындай күй кешетін жөні жоқ еді. Алайда, Шеттен бұл мәселенің шеті шықпалы көп болды. Тозығы жеткен тоқ сымсы жиі үзіліп, ел-жұрттың жүйкесін әбден тоздырды.



Қасымхан ҒАЛЫМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл өңір жел үп етсе жарық «жалп» етіп сөнетін көне заманның күйін әлі кешіп келеді. 2023 жылы да Қошқарбай ауылындағы әбден ескірген трансформатор өртегіп кетіп, Қошқарбай, Ақсу, Шопа, Қызылқой, Ақкиақ, Талды, Берекетті, Жаңажұрт және Деріпсал ауылдары электр қуатынсыз қалған еді. Енді, міне, тұтас аудан жарықсыз, тоқпен жылынатын үй-жайлар жылусыз қалды.

Бұл келесіз жағдайдың бірден-бір себебі – «Шет-Энерго» компаниясы мен «Жезқазған таратушы электр торабы компаниясы» АҚ арасындағы электр энергиясын тасымалдау бойынша талаптардың орындалмауы. Айналып келгенде, екі компанияның ерегісінен ел зардап шегіп отыр. Аудан халқының төзімі әбден таусылған.

– XXI ғасырда жарықсыз қалу аудан тұрғындарын тығарысқа тіреп отыр. Ауылдың тумасы, жанашыры болып, еңбек еткен қара халықпыз. Қаншама ауылда тоқ сөніп, өбтірге түскен бұл Шет ауданы халқының мұңын кім тыңдайды? Хабарласып білсек, қуат беруші «Шет-Энерго» кәсіпорны Жезқазған таратушы электр торабы компаниясымен ешқандай келісімшартқа отырмаған. Бұл жағдай өткен жылы заң қабылданды дегеніміз болды. Содан бері қаншама рет «Шет-Энерго» мекемесіне ескертілген екен. Қара халықты қараңғы түнекте қалдырған «Шет-Энерго» теле-

месінің басшыларына бүгінгі электр желілерінің ескіргендігін бұған дейін мен қаншама рет айттып, көтеріп жүрдім. Боран болса, сөнетін тоқ желісі қазіргі уақытта кішкене жел сокса 4-5 күнге дейін қосылмайды. Оны жөндеп, қосуға бригадасы тағы келмейді. Аудан бойынша қаншама әлеуметтік желілерге және группаларға жазған ел, қазірде билік өкілдерінен шара қабылдағанды күтіп отыр. Себебі, тұрғындар тұтынып отырған тоқ энергиясының ақшасын уақытылы төлеуде. «Шет-Энерго» тұрғындардың жағдайына қарамай, немқұрайлық таңғыту салдарынан осындай жағдайға әкеліп соқты. Осыдан екі ай бұрын Үкімет мемлекет меншігіне аламыз деген еді. Аталған мекеменің мәселесі көп. Бірақ, бүгінде қандай шаралар қабылданып жатыр? Неге тұтас аудан халқын тоқсыз қалдырған «Шет-Энерго» кәсіпорны жауапкершілікке тартылмайды?, – дейді аудан жанашыры Бейбіт Жұмабеков.

Шет ауданының 27 елдімекенінде жарық жоқ. Ел-жұрт Кеңес үкіметі кезінен қалған ескі электр жабығы әбден тозғанын айтады.

– Ауданымыздың электр қуатының ырың-жырыңнан қорлық көріп, зардап шегіп келе жатқанына жырмыа жыл болды десек, қателеспейміз. Кеңес үкіметінен қалған электр жүйелері мен жабықтарын су тегінге алған монополистер пайданы бөлісе алмай, ұзақ уақыттан бері соттасуда. Бұларға ешкімнің әлі келмей ме? «Шет-



Энерго» ЖШС мен «ЖезРЭК» АҚ арасындағы келіспеушілігін кесірінен қызыл шунақ аязда Ақсу-Аюлының халқы, тіпті, естіп отырмын 27 елдімекен, тағы да жарықсыз қалды. Оларға елдің мұңы, мектеп, балабақшалардың жағдайы маңызды емес. «Тоңып қалмақ түгілі тастай қатып қалсын», деген ойлары бар ма? Талай жылдан бері осылардың дауының ортасында жүрмін. Өздерінің проблемасын әкімдерге, ауданның мамандарына жапқысы келеді, елді

арандатып көшеге шығарғысы келеді. Бұдан артық арыздық болар ма? Бұлардың ісіне қарап, «Осы бізде заң барма, монополияға қарсы агенттік қайда? Құқық қорғау органдары қайда қарап отыр?» деген сұрақ туындайды. Әлде біреу өліп, өртегіп, жарылуы керек пе? Халықтың бәрі ашында. Не сұмдық мынау? 1997 жылдан бастап тоқтың проблемасы әлі шешілмей келеді. – дейді тағы бір аудан тұрғыны Ертай Жәнібеков. «Шет-Энерго» ЖШС-нің көп

жылдар бойы электр жүйелеріне ауқымды жөндеу жүргізеуінен жеке учаскелерде тоқ көзі апаттық жағдайда ажырап отыр. Өткен жылдың өзінде 324 мәрте жарық өшкен. Осыған дейін меншік иесіне тозығы жеткен электр желілерін жаңарту туралы әкімдік тарапынан бірнеше мәрте ескерту жасалған. Алайда, оны керек қылмаған компанияның жүгенсіздігі шаруаны шиеленістіріп отыр.

Барлық жағдай – жергілікті биліктің тікелей бақылауында. Әуелі аудандағы аурухана, мектеп, балабақша сынды әлеуметтік нысандарға электр қуаты беріліп отыр. Аудан әкімдігінің төтенше жағдай жариялауына тура келді.

– Бүгінгі таңда «Шет-Энерго» компаниясымен жағдай әлі де күрделі болып отыр. Көптеген жылдар бойы компания электр желілерін жаңғыртуға инвестиция салмаған, бұл электр энергиясының жүйелі үзілістеріне әкеліп соғуда. Адамдар жиі жарықсыз қалудан ғана емес, сонымен қатар жылусыз да қалады. Аудан тұрғындарынан бұл компанияның жұмысы туралы үнемі көптеген шағымдар түсіп келеді. Тұрақты ескертулерге қарамастан, «Шет-Энерго» қызметінің сапасы жақсармай отыр. Осыған байланысты, аудан әкімдігі жергілікті деңгейде төтенше жағдай жариялауға мәжбүр болуда, бұл шаралар ауданда электр энергиясын қалпына келтіруге бағытталған. Бұл қадам энергетикалық қамтамасыз ету саласында тәртіп орнатуға және сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Тұрғындар авариялар мен жеке компанияның сылтауларын емес, тұрақты электр қуатын қажет етеді. Тұрғындардан сабыр сақтап, біз жағдайды тұрақтандыру үшін барлық қажетті шараларды қабылдап жатқанымызды түсінулерін

сұраймын, – дейді аудан әкімі Мұхит Мұхтаров.

Электр желісі ақауын ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі үнемі мониторинг жүргізіп, журналға толтырып отырады. 2020 жылы 65 рет, 2021 жылы 80 рет, 2022 жылы 81 мәрте, 2023 жылы 93 рет өшкен.

Осы жылы қаңтар айында Шет өңірінің (27 елдімекен) тұрғындары 5 күн электр қуатынсыз қалды.

Бұл мәселе Үкіметтің назарына жетті. Экономиканы монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның отырысында компания мүлкін мемлекет пайдасына алу үшін сотқа берілетіні айтылған.

«Шет-Энерго» ЖШС Шет ауданының елдімекендерін электрмен қамтамасыз етеді. Ауыл тұрғындары электр қуатының негізсіз өшуіне жиі шағымданды. Мамандар қуаттың жетіспеушілігін, электр желілерінің тозу деңгейінің жоғарылығы сапасыз жөндеу жұмыстарын, авариялық бригадалардың жетіспеушілігін атап өтті. Компания үнемі төтенше жағдайлардың орын алуына жол берді. Шет ауданы тұрғындарының өмірі мен денсаулығына зиян келтірмеу үшін компанияның мүлкін мемлекет пайдасына реквизициялау мақсатында сотқа жүгіну туралы шешім қабылданды, деген ақпарат жарияланған еді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің сайтында.

Қысқасы, жаһандану заманында жарықсыз отырған Шет ауданы өркениеттен шет қалғанына өкпелі және шұғыл шешім қабылдаса деген елдің талап-тілегі бар. Жарығы өшкен ел үмітін өшірмей отыр. Әрине, әзірге...

Шет ауданы

Сурет әкімдік сайтынан алынды

• ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТИҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Ғибратты ғұмыр

(Қаз-қалпында)

Атыңызға айналған Евней Бөкетовпен алғаш рет 1972 жылдың 27 мамыр күні жүзбе-жүз кездестім. Сол күні түс ауа университет ректоры студенттердің тұрмыс жағдайымен жете танысу үшін Бейбітшілік бульвары даңғылындағы №35 үйде орналасқан жатақхананы аралап шықты.

Жатақханадағы жүздеу

– Жігіттер, ректор осында жүр! Сендердің бөлмелеріңе де кіріп қалуы мүмкін. Сондықтан, бәрін реттеп, дайын отырыңдар! – деді студенттер кенесінің төрағасы Сағат Төлеуов. Ол бұл қызметке жақында ғана тағайындалған еді. Оның айтқаны – біз үшін заң.

Мәртебелі қонақтардың келуін асыға күтіп, абдырап қалдық. Ол кезде №420 бөлмеде қазіргі ұлағатты ұстаздар ақтоғайлық Самат Жақыпов пен жетісайлық Таңсық Тіленшиев үшеуіміз тұратын едік. Деру Сағаттың «сценарийі» бойынша кешкі тамаққа дайындап жатқан дастарханымызды жинастырып, бөлмені реттеп, үстел үстіндегі кітаптарды қолға алдық. «Өне-міне!» дегенше, үш-төрт адам кіріп келді. Орнымыздан атып тұрып, сәлем бердік.

– Булар – бірінші курстың студенттері, филфактың қазақ бөлімінде оқиды, – деп біздерді таныстырды Сағат.

– О..о..о... жігіттер, сабаққа дайындалып жатыр екен ғой! Молодец! – деді Евней Арыстанұлы. Бірге еріп келген қалғандары да қал-жағдайымызды сұрап, жан-жағына көз жүгіртті.

– Тамақты қайдан ішіп жүрсіңдер? – деді орта бойлы толықша келген кісі. Біз осында ішетінімізді, керек кезінде кезектесіп ақ әзірлейтінімізді айттық. Қасындағылар: «Дұрыс екен», «Жақсы екен», «Бөлмелері таза екен» деп жатыр. Оған іштей риза болдық.

– Отырып, бізбен бірге шай ішіңіздер? – дедім қонақтарға. Менің бұл ұсынсымызды жатақхана бастығы Сағат қабаны түйіп, ұнатпай қалды.

– Зеке, «Жуыс үйден құр шықпа!» – деген атам қазақ. Жастардың көңілін қалдырмайық. Оның үстіне, біз де студенттік өмірді еске түсіріп, бір кесе шай ішейік, – деп ректор бірден келісті. Тездетіп ыдыс-аяқтарды үстел үстіне әкеле бастадық. Әрине, қазы-қартамыз бен жал-жамыз жоқ. Дегенмен, дастархан жайып, шамалы студенттік мәзірімізді ұсындық.

Бір кезде Саматты шақырып, құлағына «Алып кел!» деп сыбырлады. Таңсық болса, көрші бөлмедегі қыздардан бір-екі шай кесе әкелді. Қонақтар өзара әңгімелесіп отырғанда Самат буын бүркыратып бір таба картопты есіктен алып кірді. Әрқайсына салып беретін тарелка болмағандықтан әлгі ыстық табаны қақпағын ашып, ортаға қоя салдым. Қонақтар риза болды.

– Алыңыздар, жеңіздер! – деп қоямыз. Евекең өзі бастап, піскен картоптан дәм татты да, жақсылап бір күліп, баяғыда басынан өткен қызықты оқиғаны есіне түсірді. Қалғандары ас іше отырып, әңгімені рахаттана тыңдады.

Осы кезде дәлізден «Біздің тамағымызды біреулер ұрлап кетіпті. Кім алғанын көрдіңдер ме?» деген сөздер құлағыма еміс-еміс естіле бастады. Ішім қылп ете қалды. Қасында тұрған Саматқа «Аналар бізге келіп қалмасын!» деп дереу ымдадым. Ол кезде жатақханада тұратын студенттер тамақты жалғыз ортақ арнайы бөлмеде пісіретін. Жасыратыны жоқ, кейде қарны ашқан жігіттер қыздардың дайын тамағына шабуыл жасайтын. Бүгін біз де қадірлі қонақтар үшін ұят та болса, осындай қадамға бардық...

Бір кезде академик Евней Арыстанұлы:

– «Әдебиет теориясының негіздері» деген оқулықтың авторын білесіңдер ме? – деді.

– Иә, білеміз! Бұл кітаптың авторы – ғалым әрі жазушы Зейнолла Қабдолов. Қазір университетте осы пәннен ұстазымыз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Каби Лекерев сабақ беріп жүр, – деді Таңсық.

– Сол жазушының тағы қандай шығармасы бар? – деп бізге қарады. Таңсық екеуіміз жарыса сөйлеп:

«Ұшқын» және «Жалын» деген романдарын атадық.

– Булар жеке кітап болып шыққан. Оқығанбыз! – деді. Осы кезде «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» – дегендей, қасымызда тұрған жатақхана басшысы Сағат Төлеуов:

– Жақында «Жалын» романын біздің группамыздың студенттері жан-жақты талдап, талқылап, арнайы диспут өткізді. Жазушының көтерген тақырыбы керемет екен! Автор кейіпкерлерін тамаша сомдапты! – демесі бар ма?!

– Онда, кәне, айта қойшы, қандай



кейіпкерлерін білесің? – деді Евней Арыстанұлы. Қазақша шыққан әлгі романды қазақшасы шамалы, филология факультетінің орыс тобында оқыған Сағат қайдан білсін?! Аяқ астынан өтірік айтып, кейіпкерлерін білмей, біраз қолымен басын сипап, тұрып қалды. Сағаттың орнына күретасым Таңсық:

– Мұнайлы өлке туралы жазылған романның басты кейіпкерлері: Қабен, Тайман, Жанар, – деп дұрыс жауап берді.

– Евеке, бұл жігітті ұялтпаңыз, есіне түспей қалған шығар! – деді төрде отырған қонақ.

– Сағат-ау, сен мақтаған сол жазушы Зейнолла Қабдолов деген ағаларың мына кісі болады! – деді.

Иә, біз осылайша күтпеген жерден Мұхтар Әуезовтің сүйікті шәкірті, кітап авторы, академик Зейнолла Қабдоловпен Евекең арқылы алғаш рет жатақханада таныстық. Сол жолы Зейнолла Қабдолов Қарағанды мемлекеттік университеттің филология факультетін бітіргелі отырған соңғы курс студенттерінің мемлекеттік емтиханына төраға болып, Алматыдан арнайы келген екен. Көп кешікпей Зейнолла Қабдоловтың «Қазақ әдебиеті» газетіне рухани хәм өмірлік досы Евней Бөкетов туралы «Селен мен Өлең» деген бір бет материалы жарық көрді. Аталған мақалада былай деп жазылыты:

«...Біздің алдымызда күмістей жалтыраған алты қырлы көк сұр кристалл жатыр. Бұл – «Селен» деп аталатын мыс тозанынан ажыратылған жаңа металл. Яғни, Бөкетовтің металлургия ғылымында ашқан «Америкасы». Евнейді – Евней еткен көркем әдебиет. Ол физика мен лириканы ешқашан бөле қараған емес. Селен мен өлеңнің бірлігін, осы арадан іздеген жөн». (Е.Бөкетов, «Атан қомында туған адам». Жазушы – 1975 ж. 6-бет.)

Атақ-даңқы аңызға айналған көрнекті ғалым қазақ әдебиетінің дамуына да аянбай атсалысты. Әсіресе, аударма саласына мол тер төгіп, атақты ақын-жазушылардың шығармаларын қазақшалады. Сындарлы сыншы ретінде мерзімді баспасөз беттерінде әдебиетке қатысты орамды ой-пікірлері оқтын-оқтын жарық көріп тұрды. Ара-тұра қолына қалам алып, мәдениет пен білім, өндіріс пен өнер жайында өндіре жазды. Әсіресе, есімдері елге таныс ғұлама ғалымдар мен көрнекті тұлғалар: М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, И.Қарақұлов, Ә.Бектұров туралы жазған публицистикалық туындылары оқырманның көзінамына айналды.

Ақынның ақ тілегі

1974 жыл 16 мамыр айы. Бұл – қазіргі Евней Бөкетов атындағы университет үшін тарихи күн. Өйткені, сол күні қасиетті қарашанырақтың іргетасы қаланып, Қарағандының Оңтүстік-Шығыс бөлігінде құрылыс жұмысы алғаш басталды. Бұл шараға байланысты арнайы митингі өтті. Аумағы атшаптырым жердегі мидай далаға жиналған студенттер мен ұстаздардың көңіл күйі көтеріңкі еді. Өзіміз сол бір қуанышты сәттің бел ортасында жүрдік.

Алқалы жиынды алдымен кеншілер қаласының басшысы Нариман Төлепов ашып, сөз кезегін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы (қазіргі тілмен облыс әкімі) Василий Акулинич пен облыстық атқару комитетінің төрағасы Сұл-

тан Досмағанбетовке берді. Олар университет ұжымын құттықтап, білім ордасына сәт сапар тіледі.

Бұдан соң Алматыдан келген Қазақстанның Халық ақыны, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әбділда Тәжібаев ақжарма лебізін білдірді. Ол жайында студенттік өмірден жазып жүрген күнделігім былайша сыр шертеді:

– Қымбатты, достар! Менің жасым – 65-те! Мен бүгін нағыз бақыттымын! Өйткені, еліміздегі екінші университет құрылысының іргетасын қалауға қатысып отырмын. Сендер көп кешікпей қолдарына диплом алып, өмір айдынына қанаттанып шығасыңдар. Евекеңдей ғұлама ғалым басшылық жасаған бұл білім ордасының болашағы зор. Ертен-ақ оны әлем таниды. Армандарың орындала берсін, жастар! – деп ақ батасын берді. Бұдан кейін басқа да азаматтар ізгі тілегін айтты. Соңынан ҚарМУ қалашығының қадасы қағылды. Салтанатты шараға жиналғандар қуаныштан қол соқты. («Күнделік дәптері», 20-бет. 1974 ж.)

Жылдар өте келе, абыз ақынның айтқаны айдай келді. Бұл күндері республикамыздың ең үздік білім ордасына айналған...

Келесі күні университетте көрнекті ақын Әбділда Тәжібаевпен кездесу болды. Студенттердің қойған әр алуан сұрағына жауап беріп, жас ақын Тортай Сәдуақасов пен менің балауыз жырларымызды тыңдады. Евней Арыстанұлы мәртебелі мейманға алғыс айтып, иығына шапан жапты.

Жарты сағаттан кейін, ұлағатты ұстазымыз Мұрат Смағұлов бізді ректордың қабылдау бөлмесіне ертіп барды. Сол жерде Евней Бөкетов:

– Әбеке, мына екі ақынмызға жақсылап қолтаңба жазып беріңіз. Өлгіңде өзіңізге арнаған өлеңдерің естідіңіз ғой. Түбі жаман ақын болмайды. Бұл жігіттер «Балауса» әдеби бірлестігінің белсенді мүшелері, оқу озы! – деп біздің мерейімізді тасытты.

Көрнекті сөз зергері де ризалық сезіммен Тортайға арнап, «Көне қонырау» атты кітабына: «Торы тайым өсіп ат болсын, жамандықтан жаң болсын!» – деп екі жол өлең жазды. Осы кезде Евней ағамыз әдемі әзіл айтты:

– Әбеке, Сәбит Мұқанов сияқты «печать» жасатып алсаңызшы. Ақ тілегіңізге арналған қолтаңба «мөріндіз!» кез келген уақытта кітапқа басып бере саласыз, – деді.

– Е..е.. Сәбең сияқты біз классик емеспіз! – деп күлді де, менің кітабыма: «Балам Әли, әлі талай кездесеміз. Жаман емес, тәуір екен өлеңіңіз!» Әбділда. 15.04.74 ж.» – деп қол қойып берді.

Иә, әдебиетіміздің екі бірдей дарынды тұлғасымен диаласқан сол тарихи сәтке де 51 жыл болыпты. Зымырап өтіп жатқан өмір-ай!

Евекең емделіп жүр екен

1 қыркүйек – Білім күнінде (1976 ж.) филология факультетінің деканы, ғалым Задан Жұмағалиевтің жұмыс орнына бардым.

Ішке ансам, Задан Тасқалиұлы екі кісімен сөйлесіп отыр екен. Міне, қызық! Алдында қазақтың атақты ақыны – Тұманбай Молдағалиев! Қасында қарағандылық жазушы – Жайық Бектұров.

Амандық-саулықтан соң Задан ұстазымыз Евней Арыстанұлының екі күн бұрын ауырып, аруханаға жатып қалғанын айтты.

– Қалай да, Евекеңе барып, сәлем беріңдер! – деді алматылық қонақ орнынан тұрып жатып. Қоштасарда Зәкең:

– Әли, Тұмаған қайтқанша жанында жүрерсің! Сол үшін сені шақыртқан едім, – деді.

– Енді сен, менің жеке «адьютантымы» боласың! – деді ақын ағам жымып.

Біз сүт пісірім уақыттан кейін облыстық кардиология ауруханасына келдік. Жол үстінде «Жалын» журналының бас редакторы Тұманбай Молдағалиевтің Жазушылар одағының тапсырмасымен Қарағанды облысына 4-5 күнге іс-сапармен келгенін білдік. Өкінішке қарай, дәрігерлер Тұмағанды ректор жатқан палатаға жібермеді. Оның оңтайлы жолын елге сыйлы жазушы Жайық Бектұров тапты. Жақын танысы аурухананың бас дәрігері Елубай Абжановқа телефон соғып, қонақты өзімен бірге телеф кетті.

– Евекең шаршап қалыпты! – деді Тұмаған басын шайқап, палатадан шыққан соң. – «Сіздің қал-жағдайыңызды білейін деп, Алматыдан арнайы келдім», – дегенде бала сияқты қуанып қалды. Әңгіме арасында академик Қаныш Сәтбаев туралы жазып жатқан деректі роман туралы сұрап білдім. Бірінші кітапты аяқтапты, Қаныш әлі – 15 жаста көрінеді. Алда екі кітапқа арқау болатын өмірбаяндық материал бар екен. Оған емделіп шыққан соң кіресемін, – деп отыр. Мен «Бірінші кітапты «Жалын» журналына баса берейік, жастар оқи берсін, Евеке!» – деп едім, келіспеді. Тағы бір рет қарап шығатынын айтты, – дейді.

Осындайда заңғар тұлғаның «Қаламға да қамшылайтын қуат керек!» – деген қанатты сөзі еріксіз есіме түсті.

Ізгілік иірімдері

Академик Әлкей Марғұлан айтқандай: «Ғалымның ғибратты ғұмыры – ол бір мектеп». Ендеше, тұғырлы тұлғаның соңында өз мектебі қалыптасты. Евекең өмірде өте қарапайым еді. «Мен ректормын, академикпіні!» демейтін. Уақытының тығыздығына қарамастан, ара-тұра университеттегі жастардың «Балауса» әдеби басқосуларда жас ақындар: А.Бөкенов, Ж.Қоғабаяв, Т.Сәдуақасов, Ж.Смағұлов, Т.Тіленшиев, Н.Ибраһым, С.Смағұлов, Т.Майбас сияқты талапкерлердің туындыларын талқылағанда пікірін ірікпей, әсерімен бөлісіп, ақыл-көнесін беріп отыратын. «Кешегі жазғаның бүгін өзіне ұнап отырса, ол – өспегендігің!» – деуші еді. Тіпті, арамды жүрген ақын Базар Мамырұлының «Студенттердің дастарханы шағын болғанымен, пейілі кең!» – деп келетін өлеңін өзгерте үлгі ететін.

Аталған үйірменің «Балауса» деп аталатын қабырға газетін екі ай сайын шығаратынын. Көлемі бес метрден кем болмайтын ұнпарқаса ақын-жазушылардың шығармалары мен суреттері, Кеңес отырысының шешімінен соң жарияланады. Жазуы маржандай студент қызымы Асылтас Тасыбаева ғана жиналған материалдарды қағаз бетіне көзмайын тауысып отырып түсіретін. Өйткені, ол уақытта қазіргідей ақ паракса бастырып, шығарға қоятын компьютер жоқ. Университет бойынша «жалғыз» қазақ машинисткасы тек ректорда болатын еді. Орыс тіліндегі жазу машинкасы бар, бірақ, оған қазақ әріптері енгізілмеген. 1973 жылғы үйірменің кезекті басқосуында осы қиындықтан Евней Арыстанұлы құтқарды.

– Бұдан былай газет материалдарын түгелдей менің машинисткам Гүлбану Артықбаева ұялайларын басып береді! – дегенде, қуанып кеттік.

Айта кету керек, ұлағатты ұстаз әдебиетке өте жақын болғандықтан біз оқыған 1972-1976 жылдар аралығында ҚарМУ-ге қазақтың көрнекті ақын-жазушыларын жиі шақырды. Атап айтсақ, М.Әлімбаев, А.Сейдімбаев, Ә.Әбішев, Ж.Өмірбеков, С.Мәуленов, Е.Ибраһим студенттермен кездесіп, рухани жан дүниемізді байытты. Сол кештерде аталған қаламгерлер жайлы Евекеңнің көсіліп сөйлегені әлі есімде.

Университет ректоры бола жүріп, филология факультетін бітірген біраз жігіттің дипломдық жұмысына жетекшілік етті. Олардың арасында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жұмағали Қоғабаявтың «Сырбай Мәуленовтің сырлы өлеңдері», ғалым, академик Ерден Қажыбековтің «Олжас Сүлейменов творчествосы», қарағандылық этнограф жазушы Төрехан Майбастың «Оралхан Бөкейдің прозалық шығармалары» және белгілі ақын Нұрғали Ибраһымның «Ақын Көкімбек Салықовтың табиғат лирикасы» сынды ғылыми еңбектеріне басшылық жасады.

Сегіз қырлы, бір сырлы ғұлама ғалым қайтыс боларынан бір жыл бұрын Қарағанды телеарнасының «Жас қанат» хабарына қатысқан еді. Сол жолы маған берген сұхбатында: «Менен кейін не болатынын білмеймін, бірақ, мен екен дәннің біреуі өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты адаммын деп сапар едім!» – деген жүрекжарды сөзі, әлі құлағымнан кетпейді.

Евней Бөкетов Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі болды. Ол көркем аудармамен де айналысты. Александр Пушкиннің өлеңдерін, Эмиль Золяның бір топ әңгімесін, Иван Вазовтың «Бұғауда» романын, Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын және Владимир Маяковскийдің «Қадала» пьесасы мен «Жақсы» деген поэмасын қазақшалады.

1976 жылдың 7 тамызында Жазушылар одағының облыстық филиал басшысы Жайық Бектұровтың кабинетінде жас ақын-жазушылармен кездесу өтті. Алқалы жиынды суретке түсіру үшін «Қазақ әдебиеті» газетінің тапсырмасымен фотограф Рахман Ханалиев (бертінде марқұм болды) Алматыдан келіпті. Бұл басқосуға университет ректоры да қатысты.

Сол жолы ақын-жазушылар Еркеш Ибраһим, Жайық Бектұров, Қанат Жойкынбеков, Серік Жүсіпов, Ерден Қажыбеков және осы жолдардың авторы академикті ортаға алып, ескерткішке суретке түстік. Ол сурет көп кешікпей «Қазақ әдебиеті» газетінің 1976 жылғы 20 қыркүйек күнгі санында жарық көрді.

Евекеңдей тұғырлы тұлғаның шығармашылыққа деген шынайы махаббаты мен ұдайы ізденіс, студент жастарға деген ізгілік иірімдері мен ұстаздық мейірімдері осындай еді.

Ұлы тұлғаның ұлағатты сөздері

«Атақты адамдар соңына ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады» (Плотон) демекші, Евекеңнің соңына қалдырған адамзатқа азық болатын, орамды ойлары мен қанатты сөздерінің өзі бір төбе.

Мысалы, «... Шын мәдениетті адам болудың бірден-бір жолы өзіңнен бұрынғы буыннан дұрыс тәрбие алу, дұрыс үлгі көру, Ана тіліміз ғылыми ойшылдық пен ғұламалықтың шыңына жеткен халықтың тіліне айналуда. Әдебиет пен көркем өнердің ұлы туындылары – біздің жан-тәнімізге, қанымызға, бойымызға сездірмей сінеді де, біздің рухани адамгершілік бейнемізді қалыптастыру ісіне асқан белсенділікпен қатынасады». («Ақылдың кені», 25,48,171 бет. Алматы «Қазақстан» баспасы – 1991 ж.)

«Жаны адал, жүрегі ақ, сезімі нәзік адамдар ең әуелі – өз құрбысына қатан талап қойып, өзін-өзі алдамайды. Бойдағы аз кемшіліктің өзі жою үшін де күресу білу керек, өйткені жамандық, кемшілік деген итжаңды келеді, бойға ұлампаз. Сыртқы сымбат – ішкі тереңдікке сай болуы керек... Сырт сымбатымен көзге түсу мақсатынан аулақ болған абзал. Адам есейіңкіреген кезде өзіне-өзі тәрбиеші бола білуге тиіс. Бұл үшін жастарға қамқорлық пен қайрат қажет. Өмірдегі ең үлкен жетістік – адам болып қалу». (Е.Бөкетов. «На земле и небесах»), 310-311 бет. Қарағанды-2015.)

1973 жылдың 29 қазан күні ҚарМУ-дің акт залында студенттердің алқалы жиыны өтті. Ол кезде Кеңес одағының жастары бұл күнді Ленин комсомолының төл мерекесі ретінде тойлайтын. Басқосуда Евней Арыстанұлы студенттерге білім мен ғылымды терең меңгеру қажеттігіне баса көңіл бөлді. Алда жанданду ғасыры келе жатқанын естеріне салды.

Сол жолы: «Ғылым – адамзат өркениетінің ең асыл мұрасы, Ғылыми ізденіс дегеніміз – творчестволық процестің барып тұрған биігі, шыңы. Жастар – болашақтың айнасы, соларға қарап елдің ертеңін болжай аламыз. Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық!» – деп аталы сөз айтты. Өресі биік өр тұлғаның осындай ұлағатты сөздері өзінің өміршендік қасиетін есте жоғалтқан емес.

Иә, бірнеше тілде еркін сөйлейтін тума талант, аса дарынды ғалым, жазушы һәм аудармашы, академик Евней Арыстанұлы – ерен еңбегінің арқасында ұлтымыздың ұлы тұлғасына айналды. Ол жарық жүлдездей жарқ етіп, бар болғаны 58 жыл өмір сүрді. Өткен, күншілдіктің құрбанына айналып, сұм ажалдың семсеріне ерте ілікті!

Әли ТОЙЖІПТОВ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі,
Ақпарат саласының үздігі,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері

Сурет ашық дереккөзден

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

«Поэты рождаются в провинции, а умирают в Париже».

Француз мақалы

«Я – поэт. Этим и интересен».

В.Маяковский

«Өзге емес, өзім айтам өз жайымды».

Қасым

«Барыс жылы туған асау балықпын...»

Барыс жылы туған асау балықпын. Жердің тілін, Шөлдiң мұңын шала ұқтым. Мұң-шері мен қасіретінде жүзгенмін, Мұхиты жоқ қазақ деген халықтың.

Судың жырын, Шөлдiң мұңын айтқан күн, Жағалауға шығуға да шақ қалдым. Тоқырауымен құмға сiңiп, құрдымға, Көк теңiздiң түбiн көрiп қайтқанмын.

Арпалысып асау толқын жалымен, Батысты да, Шығысты да шалып ем. Шарап дейтiн шалқар мұхит бетiнде, Шалқасынан жатып жүзген балық ем...

Тынық Мұхитында-дағы жүзер ем, Үндi мұхитында-дағы жүзер ем. Барыс жылы туған балық болған соң, Сырдың суы келген емес тiзеден.

Алаш дейтiн айдын-көлiм, Шер – жүрек, Желден де озып, Серпiп сендi, селдi кеп, Жер түбiнен Саған жүзiп келемiн, Желбезегiм желбiреп...

Мен 1950 жылы 29 наурызда (толқужатта солай), сол кездегі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қенасу селолық кеңесінде дүниеге келіпін. Бұл Қызылалары тауының етегі. Сарыарқадағы биік тау. Арқадағы ең биік шың Ақсоран да осында. Одан заңғар шың болар деп ойламаған едім. Алғаш рет бұлтақ оранған Алатауды көргенде, көз алдымның көгілдір мұнараға көміліп кеткені әлі есімде. Алатаудың етегінде гүмұр кешем арман болмас деген... Қанға сiнген қасиет – мұзарт шындар мен биік тауларды жанымдай жақсы көремін! Ең жек көретiн нәрсе – Рухани Ергежейлі!

Толқужат – пенденің жасайтын ісі. Баласыңың нақ туған күнін толқужаты түгiлi, әкесi де бiле бермейдi. Шешем сен 8 наурыз – әйелдер мерекесінде туған-

«Барыс жылы туған асау балықпын...»

әкем Ақсұңқар мен анам Һалифаның аруағына

(ғұмырбаяндық эссе)

сың деп отыратын. Онда оны осы күнгі жұлдызнамаға салсаң, балық болып шыға келем.

Алматы

Алатауға қанша есім кеткенмен, Алматыда өмір сүруді тағдыр менің маңдайыма жазбады. Әдеби ортада бола алмағаным әрі азап, әрі ғажап болды.

Алматыны адамзаттың ару шаһары деп ойлаймын. Оған бір-ақ нәрсе жетіспей тұр. Ол – Ақын-дар аллеясы. Осы жерде Алаш ақындарының азалы келбеті мен асақ бейнесін қоладан құйса, жер бауырлаған ұлттық рух басын көкке көтерер еді. Асан Қайғыдан – Маралтайға дейін! Маған сол жерде Дәуітәлі Стамбековтен кейіндеу бір орын бұйырғас жетеді.

Өлеңді 13 жасымнан жазып-пын. Қара тер болып, қиналып жазамын, әліктесп-солықтау кезеңін мен де көп жүрдім. Небір ұлы ақындардың шаһқар (шедевр) дүниелеріне мен де талай көшірме жасап маз болғам. Қазір бәрін тастап, Абайға бет түзеп келе жатқандымды ішім сезеді. Мұны Қасиетті Кітапта «Адасқан ұлдың туған ошағына қайтып оралуы», – дейді. Менің шығармашылығым хақында шаршы топта алғаш рет жылы лебіз білдірген Қуан аға (Қуандық Шаңғытбаев). 1975 жылы Керекуде өткен жас ақын-жазушылардың аймақтық кеңесінің кезі еді. Сонда кітаптарындағы суреттерін ғана таниғым сөз шеберлерін көзіммен көрдім. Олжас Сүлейменовті көргенде: «Поэт красивым должен, быть, как бог!» деген сөзі есіме түсті. Содан бері өзіме өзімнің көңілім толмай келеді.

«Астана кітап көрмесі-17» деген көрмеде келісті әдемі бір әйел келіп: – Мені ұмытып қалған жоқсыз ба? – деді іш тартып, – 1974 жылғы Павлодардағы жас ақын-жазушылардың аймақтық кеңесі есіңізде жоқ па?

– Бас жағы есімде, соңғы жағы бұлдыр, – дедім шынымды айтып.

– Мен 25 жасында көргенде-ақ, көзің бұлдырап жүр едің, – деді бірден «сенге» көшіп, – Қуандық Шаңғытбаевтың секциясында екеуімді қатар отырғанбыз. Онда лапылдаған жас едік-ау! – деді бір-раз күрсініп, – Сен онда, тіпті, ор қояндай ойнап тұр едің! Сенің кезегің он бес шақты ақыннан кейін кештеу келді. Сен Чили туралы ұзақ бір жыр оқып едің, Қуандық Шаңғытбаев «О, мен өз ақыным-

29 наурызда қазақ поэзиясының ақсұңқары, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Серік Ақсұңқарұлы 75 жасқа толмақ. Мерейтой қарсаңында «Барыс жылы туған асау балықпын...» деген ақынның ғұмырбаяндық эссесін жариялап отырмақпыз.

РЕДАКЦИЯДАН



ды таптым!», – деп бізді таратып жіберіп, сені қолтығына алып, жүріп кетті. Сол қолтықтаған күйі сені Қалижан Бекқожин, Олжас Сүлейменовтердің ортасына кіргізіп жіберді деп естідік? Ертеңіне поэзия кеші болды. Сен екеуіміз қатар отырдық. Олжас жыр оқығанда көзіңді ашып аласың да, одан кейін қайта қалып кетесің. Мен сені сонда неше мәрте түртіп ояттым ғой. Әрине, есінде жоқ! Қуан аған сонда: «Ақсұңқарұлың осы бір-ақ жырдымен одаққа алуға болады!», – дегенде, зал іші дүрiлдеп кетiп едi.

– Ол сөз есімде, – дедім мен де өзімше мағұмұрланып. – Ол кезде сен де айдай ару болған шығарсың? – дедім йрза болып. Өзімше комплимент жасаған түрім-ді. – Не деп отырсың?! – деді әйел

мені жақтырмай, – «Ертістегі неткен ерке елік ең, Керекуге бір сені іздеп келім ем...», – деген маған арнаған өлеңің де есінде жоқ па? Ол кезде Олжекеннің қырықта қылшылдап тұрған кезі. Бәріміз соған ғашық боп жүргенбіз! Саған қарайлау қайда?! Сырлы аяқтай, сырм кетсе де, сыным әлі кете қойған жоқ!

«Ертістегі неткен ерке елік ең, Керекуге бір сені іздеп келім ем...», – дей бердім ішімнен күбір-леп. Қаншама өлеңім өстіп өліп кетті екен? Қаншама жерде... Александр Блок айтпақшы, әдеби орта «Около литературная дамаларымен» әдемі екен ғой, шіркін!

– 50 жылдары, – деп еді сол жолы Қуан аға (Қуандық Шаңғытбаев) маған, – сенің Қасым көкөң осындағы екі ақынға қарап оты-

рып, айтып еді: «Мына көбелектің (алып ұшқан талантты жас ақынды айтқаны) арқасына өлең қонған. Ал, анау жапалақ (дәлдүрiш) өлеңнiң арқасына өзi қонайын деп жүр. Қасым ағанды пір тұтсаң, адаспайсың ғой? Байқап жүр, бірақ! – деді.

Қуандық Шаңғытбай

Түсімде жан бір суынып, бір ысып, Қуан ағам осы неге жүр ұшып? Хаямменен шарап ішіп Ширазда, Шотландияда Бернспен сыра ішіп?

Жұмақ бағы. Желқайық. Желқайықта – үшеу, басқа ел – ғайып: Келе жатыр, оң жағында – Әуезов, Сол жағында – Маршак... ... Сағи Жиенбаев!

«Барға барсаң шықпай қойма шатасып, Ақынның да күндесі көп, бақасы...». Деген маған Керекуде осын-оу – Қазақ лирикасының сол Атасы!

«Қарашы, Бересі көп, ақында жоқ аласы. Соны білсең, алдың – мұзарт, артың – гу, Ал, ұшып кет, Ақсұңқардың баласы!...»

...Түс кашады, сонсоң, көзім байланып: «Барасындар, ей, Көкемді қайда алып?!» Жөнәй берді Хаям болып біресе ол, Біресе Роберт Бернске айналып, Қасымға айналып, Жасынға айналып! Басым айналып...

Макро-Микро-Әлемде

Мен осы жасыма жеткенше екі планетада гүмұр кешіп келемін. Бйреуі – «Жер-Ана» деп аталатын Макро-Әлем, екіншісі – Қызыл-арай-Қарқаралы-Қарағанды атты Микро-Әлем. Мен әлі күнге дейін осы екі әлемде өмір сүріп жүрмін. Мына Жарық Дүниеле кіндігім Ақжарық-Ақсоранға түсіп, қазақ боп жаралмағанда, адамзаттың керуен көшіне ілесер ме едім, ілеспес пе едім? Оны бір Құдай біледі.

Совет одағының кезінде тау елінің бір баласы кісі қолынан жазым болып, қылмыстық іс дауға айналыпты. Оны өлтірген де

тау елінің тұрғыны екен. Жоғарғы сот бір тоқтамға келе алмай, істі Жоғарғы Советтің Президиумына әкеледі. Бәрі де ату жазасын ұсынады. Тек Ақын Расул Ғамзатов қана үкімге қарсы дауыс береді.

– Мұныңыз қалай?! – дейді Президиум мүшелері аң-таң қалып, – Жеддетті ақтағыңыз келіп тұр ма?!

– Біздің авар жұртында бір дәстүр бар еді. Біз дастарханнан дәм татқан үйді жамандыққа қимайтын еліміз. Мен бұл жігіттің шешесінің қолынан шай ішіп едім, – депті сонда Расул. Қызылаларай мен Ақтоғайда, Қарқаралыда мен дәм татпаған үй жоқ. Дүниеге шырылдап келгеннен осы күнге дейін осы жұрттың топырағы мен ата-баба аруағы, ел-жұртымың дәмі жебеп жүр мені! Мен елден кетердегі алты жасар баласынан бастап, алпыс бел, жетпіс белес, сексеннің сенгірінен асқан ауыл-дастарымың бәрі көз алдыма.

Прозаға да поэзия деп қарадым. Адам Ата – Науа Ана жаралғалы адам баласының болмыс-бітімінің 99 пайызы Анти-Поэзия дейтін қоғамдық құбылыстан тұрады. Бір-ақ пайызы ғана – Поэзия. Менің көзім соған жетті. Алла гүмұр берсе, бір күні сол кара сөздерімді «Анти-Поэзия» деген атпен жарыққа шығарам. Мен оның бәрін осы құбылысқа ерегесіп жазып едім. Өмір – менің Әлия мен Халифат, Әлім мен Назира, Айша мен Әлиханымдай әдемі! Өзегім өртенеді де тұрады. Сол кезде өлең жазамын. Өлең жазбайтын адамға қызға, қызғана қараймын. Тағдырдың маңдайға жазғаны осы болса қайтем енді?!

Әкем – Ақсұңқар Сүлейменов. Ол кісінің кім болғанын айтып жатпаймын. Аты айтып тұр. Мен де жапалақша күн көре алмадым. Өмір сүрдім. Қандай өмір екенін өлеңдерім айтуға тиіс. Анам – Һалифа Рамазанқызы. Түбім – қырғыз, нағашым – кожа көрінеді. Ақындық маған ана жұртыман ауысқан болар. Арабша жазсам, Алла жарылқап, бақырайым асар ма еді, кім біледі. Бірақ мен қазақша жаздым. Бұл – ғаламдағы ең ұлы тілдердің бірі хәм бірегейі. Қазір оның қазаққа да қажеті шамалы болғанымен, күндердің күнінде ақыл-есі кемел адамзат қазақ тілінің ғажайыбына аң-таң қалатын болады.

(Жалғасы бар)

«Орталықтың» ормандай оқырманы қайда?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Яғни, телефон хабарласу құралы болса, газет-журнал мен кітап білімнің көзі екен.

Бәсекелестікке бейім, еліктегіш халықпыз ғой, өзіміз білетін мансабы зор, атақ-дәрежесі үлкен адамдар қалай жүріп-тұрса, не иеленсе, солардан кем қалмауға, шама келсе, ашып түсуге тырысамыз. Тұрғын жайымыз, көлігіміз, қол сағатымыз, мобильді телефонның өзгерістерімен бірге киноға баратынын көрген соң сол ауылдың бүкіл бас мамандары, қызметкерлері қонақ шақырып, қонаққа баруды сенбі-жексенбіге қалдырып, кеш болса, әйелдерін қолтықтап клубқа қарай аяндауға көшіпті.

Сөз басында айтылған 2000 жылдары Қарқаралы ауданында әкім болған Никанбай Омарханов облыстық басымның бетіндегі әр шығарманы саралай оқып, онда көтерілген тақырыпқа, айтылған мәселеге, автордың көзқарасына на пікірін білдіріп, кейде «ауданға мына журналисті жіберіңізші, біздегі мына өзгерістер мен жаңалықтарды көрсетсін» деп газет редакторына өтініш жасайтын.

Өңірдің бірінші басшысы бұқаралық ақпарат құралына осылай ден қойып отырған соң Қарқаралының басқа қызметкерлері де «Орталық Қазақстанмен» қоян-қолтық байланыста жұмыс істеді. Газет-журнал, кітап оқуға ерекше ден қоятын

Никанбай Иманғалиұлы қазір де қоғамның белсенді мүшесі. Республикадағы түрлі оқиғаларға, әсіресе, ауыл шаруашылығы саласындағы өзгерістерге орай ойын ортаға салып, талқылауға ұсынып тұрады. Қоғамдық пікір қалыптастыру үшін мұның маңызы зор.

Адам бар жерде тіршілік бар. Тіршілік бар жерде қым-қуыт оқиғалар мен құбылыстар болып жататыны түсінікті. Бірақ, коммуникация өрістетген қазіргі заманда әкімшілік қызметкерлерімен және қоғаммен байланысқа тікелей жауапты бөлімдермен хабарласу өте қиын. Ауданда атқарылып жатқан жұмыстарды бұқараға көрсету, бір саладағы озық тәжірибені өзгерлерге үлгі ету, бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп әрекеттесу ала жылжудың, қоғамды дамытудың алғышарты екенін «Осы қызметтегілер түсінбей ме, мерзімді баспасөздің маңызын білмей ме?» деген сауалдар туындайды еріксіз. Дамитын қоғамның жетекшілері журналистермен тізе қосып жұмыс істесе, тоқырайтын қоғамның басшылары журналистерден аты-тонын ала қашады. Әлем танитын, халықты сонынан ерте алатын мемлекет, қоғам қайраткерлері ең алдымен тамаша шешен, мықты публицист болған. Осыны білмейтін әкім-қаралар мен оның төңірегіндегі ақтосшыларының газет-журнал отқынына кейде күмәнмен қарайсың. Жоғарыда айтқанымыздай, баспасөзге зер салатын басшының жанындағылар да қаражау қалмайды. Олар оқыған басылымды басқа жұрт та оқиды.

Мерзімді басылымды таратуға байланысты екінші бір түйінді мәселе – оны оқырман қолына табыс ету. Бұл қызметті бұрынғы папшылық Ресей, кейінгі кеңес дәуіріндегі дәстүрге сай пошта жүйесі атқарады. 1960 жылдардан бастап газет-журналдар мен хат-хабарларды алыс елдімекендерге жергілікті авиация, ұшақ қатынамайтын жерлерге жолаушылар автобусы жеткізетін еді. Кеңестік жүйе күйреп, оның орнында бос кеңестік пайда болған соң поштаны осы мекеме өз көліктерімен тасымалдайтын болды. Әрине, бұл өте қымбатқа түседі. Бірақ, әзірге басқа жол жоқ. Елдімекенге жеткізілген газет-журналдарды үйді-үйге тарату одан да күрделі. Себебі, поштаның азғантай жалақысына жұмыс істейтін адам табылмайды. Мұндай түйіктан шығудың тиімді тәсілін Финляндия мемлекеті осыдан 25-30 жыл бұрын пайдалана бастаған екен. Әр үйдің есігін қағып жүрмес үшін олар ықшамаудандағы, яки, ауылдағы дүкеннің жанына сәлем-сауқат алдыратын адамдарға арнап пошта жөшігін орнатып қояды. Күнделікті нан мен сүтін, шай мен қантын алуға дүкенге барғандар поштасын да ала қайтады. Скандинавия мемлекетінің тәжірибесін қазір көп ел пайдаланады.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, мерзімді басылымнан, көркем әдебиеттен алыстап кеткен жұртты қайтадан білімді, ұдайы ізденісте болатын оқырман қауымға айналдырып, поштаны уақытылы жеткізіп береміз десек, оның жолы да, тәсілі де көп.

• ФОРУМ

Кәсіпкерліктегі жаңа мүмкіндіктер

Қарағандыда ірі және шағын кәсіпкерлікті жүргізетін әйелдерді қолдауға бағытталған «Жаңа шындарға» «К новым вершинам» атты облыстық форум өтті. Форум кәсіпкерлердің күшін біріктіріп, отандық кәсіпкерлікті жергілікті және халықаралық деңгейде ілгерілетуді мақсат етеді. Қазақстандағы іскер әйелдер қауымдастығы бүгінде өзінің 30 жылдық белесіне жақындады. Облысымыздың іскер әйелдер қауымдастығы да даму қарқынынан қалыспай, 25 жыл әлемдік бизнес саммиттеріне қатысып келеді.

Форумға түрлі кәсіпкерлікпен айналысатын қыз-келіншектер қатысты. Сонымен қатар, салық және экономика саласының заңгерлері, бизнеске қолдау көрсету қорының өкілдері, сот сарапшылары мен Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттары, «Атамекен» ҰКП өкілдері де шараға атсалысты. Шара барысында Қарағанды облысының іскер әйелдер қауымдастығының бүгінгі күнде жеткен жетістіктері, бизнес саласындағы өзгерістер мен алдағы жоспарлары хақында баяндалып, қатысушыларға шеберлік сағаты өткізілді.

Бүгінде кәсіпкерлікті дамыту үшін жаңа заңнамалар қабылдануда. Салық реформаларында да өзгерістер бар, ал, қолдау шаралары жыл сайын өзгеріп отырады. Барлық өзгерістерді жалғыз бақылап отыру мүмкін емес. Осы мақсатта бүгінгі форум ұйымдастырылды. Біз күшімізді біріктіріп, пікір алмасып, дағдыларды менгеріп, жаңа таныстықтар орнатуымыз керек. Қарағанды облысының

«Даму» қоры – кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалардың операторы. Біз кәсіпкерлерге субсидиялау, кепілдендіру және жеңіл несиелендіру сияқты қолдау шараларын ұсынамыз. 2024 жылдан қор жаңа кешенді бағдарламасы іске қосты, ол алты түрлі бағытты қамтиды. Оған ауылдық кәсіпорындарға арналған кепілдікпен және кепілсіз несиелендіру, сондай-ақ, басқа да қолдау түрлері кіреді. Сонымен қатар, әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған «Үміт» атты арнайы несиелендіру бағдарламасы да бар, – деді Құралай Серікқызы.

Салық даулары бойынша заңгер, экономикалық қылмыстар санаттарының сот сарапшысы Айжан Балакешова кәсіпкерлерге және осы салаға енді аяқ басқандарға арнайы түсініктемелер берді. Мемлекеттік қолдау ұйымдарынан алған субсидиялар мен несиелерді қайтару тәртібін, салық төлеу, экономикалық қылмыстардың және бизнестің құлдырауын алдын алу жолдарын үйретті. Ал, форум ұйымдастырушылары «Хаостан жүйелі бизнеске» атты шеберлік сағатын өткізді.

Дильяра ӘБШЕВА Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті

Ақын, журналист Сәбит Бексейіттің туғанына – 75 жыл

«Терең еді теңіздің түбін кешкен...»

Сынаптай сырғып жатқан үшқыр уақытқа не дауа бар екен?

Қарымды қаламгер, аркалы ақын Сәбит Бексейіт ағамыздың өмірден өткеніне де бақандай 5 жыл болыпты.

Арамызда аман жүргенде Сәбең биылғы жылдың осы ақпан айында 75 жасқа келіп, думандатып жүрер еді.

Амал нешік, оған жазбады. Сәбең 70 жасына жетуіне 20 күн қалғанда, өмірдегі серуен сапарын аяқтап, Жер-бесіктегі мәңгілік мекеніне жатты.

Ол біздің алдымыздағы аға буынның өкілі еді. Ардақты Нұрмахан Оразбеков ағамыз бас редактор болған кезінде Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясында қатар қызмет атқарды.

Қаламы жүрдек журналист болды Сәбең. Елдегі маңызды оқиғаларды ақындық сезімтал жүрегімен сергек қабылдап, іле үн қатып жүретін.

...Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басы еді. Оған да енді бірталай жылдар өтіп кетті.

Бірде Александр Солженицын деген орыстың бір оңбаған жазушысы Ресейдің орталық басылымдарының бірінде «Ресейді қалай орналастырамыз?» деген аты-шулы сандырақ макаласын жариялады. Сонда ол сақалы сапысып, Қазақстанның солтүстік облыстарын Ресейдің қарамағына беру керек деген шовинистік пиғылын ашықтан ашық жазды. Оны Ресей газеті сол қалпында жариялап жіберді. Бұл барып тұрған арандатушылық еді!

Қазақ елінің ішінде бұған орынды наразылықтар айтыла бастады. Сонда Қарағанды өңірінде бұған алғашқы болып ашық қарсылық білдірген Сәбит Бексейіт ағамыз еді. Сол мақала шыққан күннің ертеңінде «Орталық Қазақстан»

газетінің бетінде Сәбеңнің «Солженицын, жер иесі сен бе едің?» деген отты өлеңі жарқ ете қалды. Жүзеге аспас деп білемін ой харам, Ата жаудың шабуылын тойтарам. Қызыл сөзге дес бермеген қазағым, Уды умен, окты окпен қайтарам.

Басқыншылық кара күш пе сенгеңің, Ен байлыққа толмады ма шенгелің? Қазақ жерін тастайтындай бөлшектеп, Ей, қаскүнем! Жер иесі сен бе едің? – деп ақ алмастай жарқылдады Сәбит ақын.

Сәбең нағыз еңбектің торысы болатын. Тапсырылған іске тиянақты, жұмысына тыңғылықты азамат еді.

Баладай елілдеген ақкөңіл адам болды. Отырған ортасын ду-думанға бөлеп, әзіл-қалжыңы аралас әңгімелерге қарық қылып жүретін.

Қу тірлікте қысқа жіптің күрмеуін келтіре алмай, көп адамдар банк кредитінің қара қамытын мойындарына артып алғаны рас қой. Тіпті, кей адамдарда 3-4 кредиттен бар.

Бұл жағдай Сәбеңді де айналдыртып өтпеді. Кезекті кітабын шығаруға, немерелерін оқытуға амалсыздан кредит алуға мәжбүр болғанын көзім көрді. Сонда күйініп отырып: – Кредит! Кредитке кіреді ит! деп налығанын көріп едім.

Сәбең жалындаған 20 жасында қазақ әдебиетіне от-өрім қалпымен екпіндей кірген алымды азамат еді. Сол кезеңде республикалық «Жалын» альманахында суретімен бірге топтама өлеңдері жарқ ете қалды. Ал ол заманда жас қаламгерлер үшін «Жұлдыз», «Жалын» журналдарына шығу деген аспандағы Айға қол жеткізумен пара-пар болатын.

Сол жалындаған жас шағында Сәбеңнің белгілі ақын Шөмішбай Сариевке айтқан: – Біздің қазақ поэзиясына сен

сияқты шөміш емес, қуатты қовш керек!-деген қанатты сөзі қаламгерлер арасына кенінен тарап кеткен көрінеді. Ал Шөкең осыдан кейін Сәбеңді көре қалса, айналып өтетін болыпты...

Мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаев өмірден өткен күні өз еркімен арыз жазып, жұмыстан шығып кеткен де осы Сәбит Бексейіт ағамыз. Бұл – ақындық мінез!

Сәбең әдеби ортадан шетқақпайлау қалып, ұзақ жылдар бойы томаға-тұйық ғұмыр кешті. Жасыратын несі бар, кейбір күйкі адамдардың ұсақ пенделігінің салдарынан өзі жүретін ортадан көбі-неше сырт қалып қойды.

Ол өзінің атына айтылатын жылы сөзге зәру болды. Көзі тірісінде мемлекеттік тапсырыспен бірер кітабы ғана жарық көрді. Өзінің тесік қалтасынан төлеп, отбасының аузынан жырып жүріп, өз қаражатына бірнеше кітаптар шығарды. Сол кітаптары жарық көргенде, баладай қуанатын еді. Ағалық адал көңілімен кітабына қолтаңбасын жазып беріп отырып: – Кейін мен туралы естелік жазарсың. Сонда саған керек болады. Ағаңнан ескерткіш белгі болсын!-деп отырушы еді. Айтқаны айнадай келді...

Сәбеңмен «Қарағанды облысы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бірнеше жыл бірге қызмет атқарды. Мемлекеттік қызмет саласында мемлекеттік тілдің босағадағы басын төрге шығаруға үлкен үлес қосқан ардагер азамат еді. Осы мылтықсыз майдан барысында жалаң қолымен оқ пен отқа қарсы шапқан жанкештілігіне бірнеше мәрте куә болдым. Қандай алапат айтқы-тартқы болса да, ақыр соңында Сәбеңдікі дұрыс болып шығатын еді.

Сәбең зейнет демалысына шыққан соң да біздің байланысымыз үзілмеді. Телефон мен электронды пошта арқылы хал-жағдай сұрасып, хат-хабар алмасып отырдық. Оның барлығы менің жеке мұрағатыма сары майдай сақтаулы келе жатыр.



Сәбеңнің өзі жете алмай кеткен 70 жылдық мерейтойының құрметіне Қарағандыдағы қазақ баспасөзінің қара-шанырағы «Орталық Қазақстан» газеті бір бет материал берілетін болды.

Тірлігінде өзі туралы жылы пейіл мен лебізге жарымай өткен марқұм Сәбит Бексейіттің тым

болмаса аруағы риза болсын деген ниетпен осы материалдар топтамасын даярлауды қолға алдым. Соған байланысты марқұм Сәбит досына арнау өлең жазу туралы Алаштың айтулы ақыны, Сәбеңнің студент кезінен сырлас серігі болған Абзал Бөкен ағаға қолқа салдым.

– Жаксы. Айтқанындай болады, бауырым! -деп бірден жайылып түсті ардақты Абзал ағам.

Ертеңінде электронды поштама ақын Абзал Бөкеннің Сәбит досына арнау өлеңі келіп түсті. Бұл өлеңді Абзал ақын қара сиямен емес,

жүректің ыстық қанымен жазған екен! Бары-жоғы өтсе де білінбестен, Жігіт осы кетпейтін түбінде естен. Берен еді биіктің басын шалған, Терең еді теңіздің түбін кешкен.

Көкке өрлеген көңілі қарағай, – деп, Қадіріне жетті ме жағалай көп. Баладай, – деп жүруші ең. «Баланыздың» орнын қара ойылған даладай боп.

Дертін айтып ешкімге шағынбады, Өртін айтып өзегі қабынбады. Төзім еді. Төгілген сезім еді. Бозым еді бәйгедей бабындағы.

Жары қалды түн бұлап, таң жылаған, Бәрі қалды... қағаз бен қалды қалам. Кете барды. Кетерін, тым болмаса, Көпке «бұлдай» алмаған жалғыз адам.

Тұрғанында жақсысын ұғар халқым, Ажал жыға алмайды жығамды алтын.

«Сәбит кетті» дегенге сенбейді жұрт, Жұрт білгір ғой.

Кетпеген шығар, бәлкім?-деп ақтарылыпты Абзал ақын. Сәбеңнің өзі өмірден өтсе де, соңында сөзі қалды. Сөреде ондаған кітаптары қалды. Демек, ақын Сәбит Бексейіт арамыздан кеткен жоқ!

Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ҚАРАҒАНДЫ

«Вахтасындай күрсініс пен күлкінің...»

Сәбит БЕКСЕЙІТ

Бір түніл

Үш жүз және алпыс алты күн-түніл – Вахтасындай күрсініс пен күлкінің. Тірлік болса, соның көбі уайымсыз, Өмірінен адам болып бір түніл.

Түніл, ақын, тумаса егер жыр дүрі, Естімесе жүрегіңнің дүрсілі. Түніл, дикан, тамшылардан дән күткен, Үнсіз кетсе нажағайдың күркірі.

Сен де, атбегі, қалып қойса дүлдүлін, Сен де, бағбан, сайрамаса бұлбұлын. Түніл, сұлу, тайса пірің сертінен, Түніл, жігіт, күлмей кетсе нұр күнің.

Түніл, достым, кешсең тірлік бейбаян, Шалыс басып, оңалмаса кей қадам. Түніл де, үңіл жүріп өткен жолына, Бармақ тістеп жүрмеу үшін қайтадан!

Тулайды өмір толқыны

Жұмыр жер зулап барады, Ғаламды кезіп, дөңгелеп. Сүйсініп Тәңір қарады, Көгілдір шарда оң бөлек.

Қас қағым сәтте жылдамдық Үшқыр-ау сонша орасан. Бір сөндік біздер, бір жандық, Жұлдызбыз – шындап қарасан.

Көзінді ашып-жұмғанша Өтеді бір мың шақырым. Ілесіп барар жол қанша, Қалмайды ешкім мақұрым.

Сол сәтте біреу тың, сергек, Сол сәтте біреу ұйқыда. Толғанса біреу мұң-шер кеп, Біреу тұр келмей сиқы да. Сол сәтте біреу тояттап, Жеріді біреу сол шақта. Отырса біреу ой қамап, Той қамдап біреу жол жақта.

Бір желке шықса жалданып, Бір желке қалды қасынып. Аңқаулар қалса алданып, Қулар жүр шалқып, тасынып.

Қалайда осы ғаламда Қайнаған өмір, тіршілік. Алпауыт жүрсе талтаңдап, Мүскіндер отыр түршігіп.

Ғарышта самғап барамыз, Жылдамдықты бір сезінбей. Бір кемедеміз, қараныз, Ал сапар – тағдыр тезіндей.

Сукұйғыш шокжұлдызынан – Арыстан шокжұлдызына! Картаны, міне, ұсынам, Қарашы, достым, құлшына.

Оң болсын мәңгі бұл сапар, Сәт сайын сезім сергісін. Жануға інкәр пульсарлар, Өректің берер белгісін.

Зулайды ғарыш кемесі – Көгілдір әйбат ғаламшар. Бар ма екен сіре теңдесі, Әйтеуір болсын Алла жар!

Тулайды өмір толқыны Жарық жалғаннан тараған. Үдесе тамыр солқылы, Самғауға, шүкір, жараған.

Жұлдыздар өшіп, жанады, Туындап галактикалар. Даналар естен танады, Ғайып боп қыршын Никалар.

Құс жолы жатыр созылып Мындаған жарық жылдарға. Жұлдызды ғалам боз, тұнық – Мол арқау жарқын жырларға.

Сукұйғыш шокжұлдызынан – Арыстан шокжұлдызына! Жыр гүлін, міне, ұсынам, Оқшы, достым, тұшына.

Құс жолдың кіндік тұсынан, Тарайды өмір толқыны. Шырқалсын шалқып күміс ән, Тынбасын тірлік жөңкілі!

Ұқсастық

О басында тұтас еді құрлықтар, Бес бөлек боп талқан болды, бұзылды. Түсіңген жан түптің түбі бір құптар, – Үшқыр қиял тың теңеулер ұсынды.

Құрлықтарың – ағып кеткен миямдай, Қу жанымды тартқылайтын жан-жаққа. Жаратқанға жүре алам ба сыйынбай, Алла – біреу, жортпас ойым сан-саққа.

Бір басымда бүкіл жердің бейнеті, Жер сілкіну – ми шайқалу деп білем. Ойқы-шойқы жалпақ бетім – жер беті, Тым ұқсаспыз: текті туар тектіден.

Кесек маған лақтырылған тасадан – Бір соғылар кометасы Галлейдің. Жарылыс па – қан құйылу, жасаған, Жанымды алсаң ұрып-соғып, ал мейлін.

РАТАН– құлақ дыбыс аңдап Ғаламнан, Ертелі-кеш елендейді қалқып. Адам – Жерден, Жер аумаиды Адамнан, Құс жолына қарап жатыр шалқып.

Сұлудың ноқат мені

Нүкте деген сөз бе екен деп күлме сен, Тамшы су мен титтей сәуле гүлге сеп. Ұлылықтың қасиетін білмейсін, Кішіліктің қадірін сен білмесен.

Бар тіршілік бір нүктеден бас алған, Бір түйір дән тамыр болды жас талға. Өзек болды ноқат мені сұлудың, Сағди шәйір жазған ұлы дастанға.

Бүкіл әлем бір нүктеден жаралған, Түйіршік боп бойымдағы тарар қан. Борпылдаған топырақтан бір уыс, Пайда болды құрлықтар мен аралдар.

Әлем деген мәңгіге алған хұқ деме, Бүгін бар да, ал күні ертең – тұт те жоқ. О басында бастау алып Нүктеден, Бар тіршілік аяқталар Нүкте боп.

Мәңгілікке жіберіндер

Ау, пенделерім, беймаза әпенделерім, ширақ сендердің бар осы менде нелерің? Бақшам жоқ менің, жок менің автокөлігім, жұлдызды көктен ешкімге әпер демедім. Сендерге бердім, ала ғой, мә, мансабыңды, қалдырсаң болды қолымда қаламсабымды. Мен – еркін құспын, тәрк етіп балақбауыңды, Бақиға ұшып кетейін, Ғалам сағынды. Мені өздеріңмен фәниге алып қалмаңдар, жарық жалғанда жайғасын жалықпаңдар. Мәңгілігіме бөгетсіз жіберіндерші, торыққан жандар алдағын анық бағамдар.

Тұғырлы Теміртау

Желбіреп көкте байрағы, Жазира далам жайнады. Ғалам мен Жерді жалғаған, Атажұрт – Ғарыш айлағы. Арқаның ыстық аясы, Жасыл бақ оның саясы.

Бетпақты кезіп болдырып, Бұлаққа мөлдір таяшы.

Ойы мен қырын аралап, Сүйсініп қара саралап. Туғандай болып кетеді, Бар адам және бар алап.

Етене мұнда Ел мен Ер, Жерұйық осы сен көрер. Кездесер ақын арқалы, Кездесер ойшыл кеменгер.

Ғарышкер батыр осында, Осында кенші досым да. Осында дикан, құрышкер, Төрге шық, төрлет, тосылма.

Ағылып жастар тұс-тұстан, Отжүректері ұғысқан. Батырдай алып Теміртау – Сомдалған болат, құрыштан.

Жайнатып қазақ даласын, Қанаттандырған Елбасын. Отандас ардақ тұтады, Қошбасшы ұстаханасын!

Жырлаймын Атажұртымды, Азаттық алған ұлтымды. Егемен болған еркін ел, Келешегіне ұмтылды.

Домна пешінің алдында

Төртінші биіктік. Ол – сенсің, домнам сүйікті! Біз сенің еңсенді көтердік, Тұрса да шығып күн, құйып күн... Біздер де сенімен бірге өстік, Алып боп, Адам боп үндестік Арулар біздерге гүл сыйлап, Ақындар бізге арнап жыр есті. Сымша иіп болаты, темірді, Еттік біз еңбекті көңілді. Сый етіп бермеді ешкім де, Өзіміз жасадық Өмірді!

Өмірдің үш кезеңі

Өмір басын той дедік, мейрам дедік, Айым делік қыздарды, айнам дедік, Гөзал дедік, елік һәм джейран дедік. Тойладық кеп ес кеткенше, Іштік-жедік іш өткенше. Меймандарша қалғандай бейқам келіп, Тымпың қақтық күшеншекше. Ортасы деп өмірдің сайран-сауық,

Тіс ақсынып ыржаңдап, жайраңдадық. Сырнайлатып сайрандадық, Ойнақтадық, тайраңдадық. Кес-кестеген тірліктің жартасына Басты соғып қайраңдадық, «Бұ қалай?» деп қайран қалдық.

Тауып айтқан ойран деп өмір соңын, Таба алмайды қалайда көңіл жоғын. Кеткеннен соң бойдан шалық, Омақасып ойрандалдық, Жапырайып жайрап қалдық. Ертелі-кеш көміліп қалың ойға, Қалған тісті қайрап қалдық, Тілімізді шайнап қалдық.

Біз кіміз???

Айдағанға көнетін қарсыласпай, Жалпаңдайтын жауына жан сырластай, Алдағанға иланып бас ізейтін, Қанғыбасқа қарайтын тағдырластай; Шалт қимылдан қаймығып сескенетін, Жұлдырығын артынан кезенетін, Сөзді бастан елемей асыратын, Көсеміне өзгенің бас ұратын, Батыр болып жау қашып жөнелгенде, Сүрен салып құтыңды қашыратын; Күн аманда үрейлі, ай аманда, Артын баққан әліптің қай заманда, Жаулықтысы – базарда, бөріктісі Тас маңдайын төсеген жайнамазға; Тірлікті кешкен ұсқыңсыз, Құруға көнген із-түзсіз, Даласы малсыз, су құсыз Қалса да – ҮНСІЗ Біз кіміз?!

Ынтық зар

Таң атса егер, білемін күн батарын, Үнсіз қалмай, тездетіп тіл қатамын, Құнбатыстан жететін мезгіл-мезгіл, Ақ самалдай лебіңді ұнатамын.

Қуаныш пен шаттықты тарту етем, Өшпес сезім алауын Ар туы етем. Сағыныштың азабын, басқа салса, Өмір бойы қиналып, тартып өтем...

Ынтық зарым жетсін деп өлеңіммен, Өпкім келер әр сөзбен гүл-өңіңнен. Жүрекжарды жырымды түсінетін, Айналайын сезімтал жүрегіңнен!



• ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Табиғаттың тәтті сыйын тарту етеді

Бал – ең таза әрі шипалы нығмет. Бірақ, оның сапасы мен пайдасы өндіріс тәсіліне тікелей байланысты. Өңірде органикалық бал өндірумен айналысатын жандар некен-сайқ. Дегенмен, қоспасыз, экологиялық таза өнім ұсыну – нағыз жанкешті еңбекті талап ететін іс. Осындай адал кәсіптің басында тұрған қоғам белсендісі, Қазақстанның «Бал-Ара» Омарташылар одағының мүшесі Дия Ержанова саф өнім өндіруді өзіне мақсат еткен. Ол еуропалық стандарттарға сай сертификатталған, сапасы сүзгіден өткен балын ұсыну арқылы еліміздегі органикалық омарташылықтың көшіп бастап келеді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Органикалық бал деп, табиғи жолмен алынған, өндірісінде химиялық тыңайтқыштар, пестицидтер және антибиотиктер қолданылмайтын өнімді айтады. Мұндай балды өндіру үшін омарта маңындағы радиус шамамен 3-5 шақырым аумақтағы өсімдіктер де экологиялық таза болуы қажет. Дия Көшкентқызы еуростандартпен бекітілген қоспасыз бал өндірумен айналысады.

Органикалық бал – денсаулыққа пайдалы, табиғи әрі сапалы өнім. Оны таңдағанда арнайы сертификаттары бар өнімдерге мән берген жөн. Өнім Латвиядағы Рига шаһарында сертификатталған. Еуроодақта аккредиттелген. Өнімге талап жоғары. Жылма-жыл сертификат аламыз. Осылайша қоспасыз балдың сапасы сүзгіден өтіп тұрады. Сондықтан, тұтынушы бек сенімді боларына күмән кем. Қазақстанда мұндай саусақпен санарлық екі-ақ өндіруші бар. Оның бірі – біз, – деп қуанышпен хабарлады Дия ханым.

Әу баста отбасындағы қос заңгер омарташылық ісіне әуестенген. Кейінірек осы саланы жете зерттеп, соған ден қойған. Өмірлік серігі Кәкім Бйбарев осы күні көнігі омарташыға айналған. Кейіпкеріміздің сөзінше, бастабында идеяны іске асыру оңай болмағанымен, уақыт өте келе, ойды

да, бойды да үйретіп алған соң шаруа барысы өздігінен оңала бастапты. Омартаның маңында телефон байланысына мүмкіндік жоқ, мүлгіген тыныштық. Қолыңыздағы түрікқұлақты арагидік фотоаппарат ретінде ғана қолдана аласыз. Мейлі жүз мың кадр жасасаңыз да, ондағы таңғажайып

сұлулықты дәлме-дәл бере алмасыңыз кәдік. «Табиғатпен тіл табыса алсаңыз, оның сый-кәдесі де көл-көсір болады. Ал, табиғаттың тұма да таза өнімі ел денсаулығын мықты етері шүбәсіз» деген ой тұжырады Дия. Мерзімі жетіп, күндер алмасқанда қос заңгер өніміне Magic_of_honey деген перзенттерінің басқы әріпттерінен құралған бренд атауын ойлап табады.

– Басқа түскен сынақ атаулысын жұмыла еңсеріп, бірлігіміздің күшімен алға кадам басудамыз. Отбасымыздың, тұрақты тұтынушыларымыздың әрі мемлекетіміздің зор қолдауымен біз тек ілгеріге кадам басып қана қоймай, өсіп-өркендеп, нығая түсеміз. Біз өзіміз бастамашы болған ізгі ісімізге риясыз сенеміз! – деп қосты Дия Көшкентқызы.

Қош, табиғи бал алдымен денсаулықты нығайтуға әсер ететін дәрумен екендігін ұмытпағанымыз абзал болар. Табиғаттың төл тартуы саналатын бал – жай ғана тәтті тағам емес, нағыз шипа көзі. Дия Ержанова сынды кәсіпкерлердің тынымсыз еңбегінің арқасында ел нарығында экологиялық таза, сапасы жоғары өнімдер пайда болуда. Органикалық бал – табиғаттың сыйы ғана емес, өндірушінің адалдығы мен кәсібіне деген сүйіспеншілігінің көрінісі. Ең бастысы, мұндай өнімдер тек денсаулыққа пайдалы ғана емес, сонымен қатар, қазақ омарташылығының дамуына, табиғатты қорғауға және тұтынушылардың сапалы өнімге қол жеткізуіне септігін тигізуде. Ендеше, таза өнімді таңдап, табиғаттың шынайы дәмін сезінейік!

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ТАҒЫМ

Берерің әлі көп еді



Жұмағұл бауырыма

Алланың бұл ісіне шара бар ма? Ағайын пенделікпен алаңдама. Не жазса да Алланың қалауымен, Пенденің қақысы жоқ қаралауға. Тәңір салды, іс бітті, дегендей-ақ, Тұқ таппасың кезі келсе – паналауға. Сейілдеп өмір кешкен не бір Саңлақ, Қызықпен есеп бермес саралауға, «Токта!», – деп Құдіреттен әмір келсе, Ғайыптан, елес жетпес, шамалауға. Көрсен елі кеше Ерекше дарасынан, Көзінің қарасынан, Әурақ жоқшысынан, Тарих сакшысынан, Дарланған ел ішінен, Ортадағы Серісінен, Қарасаң, көзің тоятын, Бойы – бағыр, ойы – ақын, Өзіңдік сәні бар, Сөзінің мәні бар, Айтса – дәлелі бар, Ерекше өнері бар, Боздақ бауырдан, Салмақты, ауырдан, Алыспен дос болған, Жақыңға бас болған, Теңіздей терең, Әр ісі ерен, Жүзіктің көзінен өткен, Ісі де, сөзі де – өктем, Айтқаны Алашқа жеткен Боздағынан айыршылып отыр. Не айтқандаймыз?!

Жарқырап келіп өмірге, Жұмбақ боп кетіп барасың. Жазулы тағдыр сол болды, Біз үшін мәңгі дарасың. Артыңда қалды мол мұра, Жаздың ақ пен қарасын. Әурақ – разы, ел – риза, Батасын алып барасын. Берерің шіркін, көп еді, Кім білер оның бағасын?! Жазудан бүгін аспаймыз, Иман тілеп қаласын... Сұңқардай даусын санкылдап кеттің, Жай отындай жаркылдап өттің! Бақұл бол, Бауырым!

Аға Қазғелді №96

Электрондық пошта: ortalqyq.kaz@mail.ru

• СЕМИНАР

Тәрбие мен білім үндесе ме?

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – шығармашыл, белсенді, интеллекті жоғары, білімді және кәсіби сауатты жастарды қалыптастыру. Осы мақсатта Балқаш қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Құндылықтар – тәрбие мен білім үндестігі» және «XXI ғасырдағы кәсіптік бағдар: Табысты мансапка дайындық» тақырыптарында әл-Фараби атындағы мектеп пен Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінде облыстық семинар өтті. Облыстық семинарға мектеп директорлары, оқу орындарының оқытушылар құрамы, білім саласының мамандары қатысты.

Нұрдіос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алқалы жиынның ашылуында сөз алған Балқаш қалалық білім бөлімінің басшысы Қарлығаш Дүбірбекова бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу – міндет екенін атап өтті.

– Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрін тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихын ұмыт қалдырмай ұрпақ санасына сіңіру – бүгінгі күннің басты талабы. Оқушы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттау барысында өзекті негіздері, тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүріне, рухани мәдениетке тәрбиелей отырып, ұлттық рухының кемелденуіне бағдар беру бағытында қаншама жұмыс атқарылуда. Ұстаздар бас қосуының негізгі міндеті – мұғалімдердің құзыреттілігін арттырып, оқушы-

лардың мүмкіндігін кеңейту, – деді Қарлығаш Дүбірбекова.

Семинар әл-Фараби атындағы мектеп директоры Сайлаугүл Сыздықованың «Инновация мен дәстүр сабақтастығы» атты баяндамасымен басталды. Айтулы іс-шараның қоржыны көрме және ашық сабақтар мен шеберлік сыныбы, үш тілде ұсынылған театр көрінісімен толықты десек қателеспейміз. Одан әрі «Әже тәрбиесі – қоғамда» тақырыбында әжелер мектебінің қалыптасуы, «Асығың алшысынан түссін» тақырыбындағы ұлттық ойындар, «Қыз ғұмырдың құпиялары» тақырыбындағы жеңгелер мектебінің жұмысы шараның шырайын аша түсті. Бүгінгі мектеп парчасындағы әрбір бала – ертеңгі болашақтың иесі екендігін айтқан мамандар негізгі тәрбие отбасында басталатындығын жеткізді.

Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінде тақырып болған «XXI ғасырдағы кәсіптік бағдар: Табысты мансапка дайындық» атты өңірлік семинар-практикумның жалғасы кәсіптік бағдар беруге негізделіп ұйымдастырылды. Айтулы білім ұясы өмірде таңдау мүмкіндігі туғанда мейлінше мулт кетпеуге мән беретін маңызды нәрсенің бірі – мамандық екендігін алға тартты.

– Өкінішке қарай, мамандық таңдауға келгенде шалыс басып, шарасыз жүрген азамат көп. Сондықтан, мектептерде кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыру мәселесі жолға қойылып отыр. Бүгінде балаларға, жастарға кәсіптік бағдар беру бойынша оқу орындарынан тыс көптеген жоба қолға алынып жатыр, – деді Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің директоры Шынарғұл Алишева.

Пленарлық отырыстан кейін Ұлт күрескері – Әлімхан Ермеков туралы тарихи көрініс ел назарына ұсынылды. «Әлімхан ауылы: Ұрпақтар жалғасы» тақырыбында өрбіген қойылым жас патриоттар академиясының аяқ алысының аршынды екендігін танытты.

Бұдан кейін білім ордасындағы қолға алынған жаңа жобалардың тұсау-

кесері өтті. Жекелеген кабинеттерде ұйымдастырылған жаңа жобалардың таныстырылымы дамуға, ғылымға бетбұрыс жасауға, адамдардың ізденісі мен оған деген қызығушылықтың да жоғары болғаны маңызды екендігін терең талдады.

Семинарды қорытындылаған Шынарғұл Алишева мен Сайлаугүл Сыздықова қоғамның қажетіне жарау үшін жаның қалайтын мамандықты жаңылмай таңдаудың және өз ісінің нағыз шебері болудың маңызы зор деп ой түйді. Сондықтан, болашақ білікті маман қалыптастыру үшін баланың қабілетін жасынан танып, бағытын түзеу еңбек нарығындағы олқылықтың орнын толтыру ықпал ететіндігін айтты.

БАЛҚАШ



Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР ШИНМАХ centara NORTEG XBR1 IUNK 8 707 80 35 800 shynservice

В связи с утратой оригинала устава КГУ «Қарагандинская областная юношеская библиотека им. Ж.Бектурова» утвержденного от 12 октября 2013 г. за № 252. Считать недействительным. №110

После смерти Кирикбаева Бақдаулета Бекеновича умершего 24.10.2024 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Мухамедиевой Сандуғаш Кайроровне по адресу: г. Караганда, ул. Камали Дюсембекова 4. Тел: 8-701-255-72-95. №102

• ИНВЕСТИЦИЯ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Ата кәсіп ауылда дамиды

Биыл Қарқаралы ауданында агроөнеркәсіп саласында құны 630 миллион теңге тұратын үш жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Әліхан Бөкейхан атамyz «Қазақ жері – мал кіндігі» деп бекер айтпаған ғой, бұл жобалардың екеуі мал шаруашылығына қатысты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы жобаны Темірші ауылдық округіне қарасты «Мағаз» шаруа қожалығы жүзеге асырмақшы. Басшысы – Ербол Алтыбаев. Ол бір мезгілде 100 бас ірі қараны бордақылауға арналған алаңды іске қосуды ойластыруда. Сөйтіп, жыл ішінде 50 тонна ет өңдеуге қол жеткізбек. Құны 50 миллион теңге тұратын жобаны шаруа қожалығы өз қаражаты есебінен атқарып шықпақшы.

Қазіргі таңда мал сою алаңы орналасатын жерді рәсімдеуге қатысты жұмыс қолға алынған. Мал бордақылау және семіртілген

малды сою алаңдары іске қосылғанда мұнда бес адамға тұрақты жұмыс орны пайда болады.

Екінші жоба – Тегісшілдік ауылдық округінде. «Қарыңшы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы Тұрар Қыдырәлин жоба үшін жұмсалатын 250 миллион теңгені өз қаражаты есебінен өтемекші. Цех іске қосылғанда мұнда алты адам тұрақты жұмыс атқарып, жылына 50 тонна ет өндіру қуаттылығына қол жеткізбек. Бүгінгі күндері жобаны іске асыруға қажетті құжаттар жинақталуда.

Үшінші жобаны Н.Әбдіров ауылдық округіндегі «Атамекен» шаруа қожалығы

(басшысы Қинаят Сламбек) жүзеге асыруды жоспарлауда. Ол Солтүстік Қазақстан облысының қаржыландырылу тәжірибесі негізінде биыл, яғни, 2025 жылы 292 гектар суармалы алқапты өндіріс алаңына айналдырмақ. Құны 330 миллион теңге тұратын жоба «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы қаржыландырылмақ. Әрине, суармалы алқап табиғатқа тәуелді болмай, қуаңшылық жылдардың өзінде өсімдік шаруашылығынан мол өнім алуға мүмкіндік береді.

Жобаның қазіргі жағдайына келетін болсақ, су жүретін құбырлар төселетін орлар қазылып, құбырлар бір-біріне жалғанып, суару қондырғылары да орнатылып болыпты. Жан-бырлатқыш алдымыздағы маусым, шілде айларында іске қосылмақшы.

Қарқаралы ауданы бойынша биыл іске қосылатын инвестициялық жобалардың бір парасы осындай.

ЖАҢА КІТАП

Тағылымға толы туынды

ЖӘДІГЕР

Мәдидің ертоқымы

Марат Түсіптің туған ауылы Ақбауырға арналған кезекті «Тоқатай баба және оның ұрпақтары» тарихи шежірелі кітабы көп жыл жинақталып, 2024 жылы жазылып, жарыққа шықты.



«Үлкендер, сіздерге кім жетер?» – деп атапты.

«Атақоныс – құтты ырыс, рухани мұра әрі қазына», «Өмірдеректер» атты энциклопедиялық бөлімінде ауыл азаматтары, Тоқатай бабадан тараған ата ұрпақтарымен (ата атаулары – «Баян ата», «Тілеуғабыл ата», «Жанғабыл ата», «Дөңгелек ата» тармақтарының) қатар шежіре түрінде жүйелі көрсетіліп, белгіленген.

Кітап авторы Марат Исабекұлы, кейінгі он жылда Ақбауырға, яғни, туған өлкесіне деген

перзенттік сезімін бір емес, бірнеше ісімен дәлелдеді.

Ол 2015 жылы Ақбауырдың 100 жылдығына арнап, «Ғасыр ғұмырлы Ақбауыр» атты (2015 ж.) алғаш өлкетану тақырыбында кітап жазды. Осы мерейтой аясында біршама шаруа тындырып, үлкендердің батасын алып, соңына ерген бауырларына үлгі бола білді.

Кейін автордың шығармашылық ойы кең өріс алып, үш әдеби-танымдық, философиялық ой пысықтаған «Ғұмыр-жазба – өткенге саяхат», «Хадис, тәмсіл – ғибраты көміл» (2018 ж.) сынды қос әңгіме-жырын текті. Ол кітаптар жүздеген данамен басылып, таралған. Абайтану жолында қажымас еңбек етіп, «Абай сөзі – даналық көзі» философиялық-танымдық еңбек шығармасын да жарыққа (2020 ж.) шығарды.

Ал, «Тоқатай баба және оның ұрпақтары» атауымен 250 бет болып шыққан қолыңыздағы кітап, 300-ден астам баба ұрпақтарының отбасыларына таратылды.

Серік МУСТАФИН, Саран қаласының тұрғыны

Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің қоры жаңа жәдігермен толықты. Құсбегілік өнерді Арқа жерінде қайта жаңартқан Тілеуқабыл Есенбекұлы ақын, әнші, композитор Мәди Бәпиұлының ертоқымын табыстады.



Қасымхан БУРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ертоқымның бұл түрі Арқа даласында кең таралған. Ердің ел аузындағы атауы – үйрекбас ер немесе аргын ер. Бұл жәдігердің бас пішіні көбіне үйрек ерге келіңкірейді. Бір қарағанда сұлбасы суда жүзген үйрек секілді. Көбіне сал-серілер қолданған көрінеді.

– Қаздауысты Қазыбек бидің ұрпағы, халық ақыны, әнші-композитор, сегіз қырлы, бір сырлы, өз заманында өлең-жырлары, жыр-шумақтары қағаз бетіне түспесе де, ел аузында сақталған дарқан даланың дүлдүлі Мәди Бәпиұлының ертоқымын музей қорына табыстау көптен ойымда жүр еді. Дегенмен, тарихи жәдігердің үйдің төрінде тұрғаны да ерекше әсерлі. Алайда, менен кейін кім не болып қалатынын ойлап,

осы шешімді жөн көрдім. Маған дейін қолдан-қолға өтіп келген жәдігер ғой. Құнды дүниенің қолыма түсуінің де тарихы тереңде, – дейді саятшы, өлкетанушы Тілеуқабыл Есенбекұлы.

Жәдігер бүркітшінің қолына қалай түскен деген сұрақ тууы заңды. Мәдидің жол серігі, атқосшысы болған Тоқаш Кәдікеев әншінің қарындасы Мәпрузаға үйленген. Мәди атылып кеткеннен кейін ер-тұрманы күйеубаласы Тоқаш Кәдікеевте қалған. Тоқаштан баласы Лятайға берілген. Лятайдан

шахтада бірге жұмыс істеген Айғожа туысына көшеді. Айғожадан жақын туысы Нығметолланың қолына түседі. Ал, Нығметолла – Тілеуқабылдың нағашысы. Бұл ертоқымды бұл кісі қалпына келтіріп, 30 жыл тұғынғыпты.

Көне ер шамамен ХХ ғасырдың басымды бөлігінде жасалған. Материалы ағаштан шабылып, таза былғарымен қапталып, күміспен күптеліп, безендірілген.

Шет ауданы Сурет музейден алынды

БОКС

Ерасыл ерлеп тұр

Балқаштық боксшы Ерасыл Ермек Талдықорған қаласында өткен бокстан 22 жасқа дейінгі ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңімпаз атанып, алтыннан алқа тақты. Осымен боксшы Қазақстанның бес мәрте чемпионы атанды. Қарағанды облысы атынан 63.5 келі салмақта сынға түскен Ерасыл мықты екендігін мойындатты.

– Бұл жолы менің салмағымда қарсыластарым көп болды. Ақтық кездесуде осы салмақтың мықтысы атанған Мағжан Алимовты 5:0 есебімен жеңіп, алтын медальға қол жеткіздім. Биіктерден көрінуіме себепкер болған, бапкер ағамыз Аманкелді Мәканалинге, бапкерлер құрамыма алғыс айтамын, – дейді ол.

Айта кетейік, Ерасыл Ермек – Қазақстан Республикасының спорт шебері, бокстан Қазақстан құрамының мүшесі. 2019 жылы Болгария мен Сербияда жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнирлерде алтын медаль алды. Құрлық біріншілігі БАӘ-де өткен жарыста алтынға қол жеткізді. Сонымен қатар, бұған дейін боксшы жасөспірімдер арасында 4 рет чемпион болған.

Өз тілшімізден

БАЛҚАШ

ЖЕКПЕ-ЖЕК

Кіл мықтылар күш сынасты

Қарағандыдағы Серік Сәниев атындағы бокс орталығында MMA аралас жекпе-жегінен өткен ел чемпионаты өз мәресіне жетті. Чемпионатқа елдің түпкір-түпкірінен 700-ден астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Бес күнге созылған байрақты бәсеке жасөспірімдер мен ересектер арасында 52-97 келі салмақ дәрежесі аралығында өтті.

Аталған чемпионат 2019 жылдан бері өткізіліп келе жатыр. Бір ерекшелігі – бір ғана емес, жыл сайын түрлі қалаларда ұйымдастырылуында. Жарыстың бірінші күнінде октогонға 16-17 жас аралығындағы жасөспірімдер шықты. Олар үшін жекпе-жек үш раундқа жоспарланған. Ал, әр раунд екі минуттан.

– Елімізде әуесқой MMA спорты жоғары деңгейде дамып келеді. Өңірдегі жаттықтырушылардың арқасында біздің ел Азия бойынша көшбасшы орында. Осы чемпионатқа өңірлерден топ жарып, жолдама алған кіл мықтылар қатысуда. Әрі әлем чемпионатында, ірі халықаралық турнирлерде жүлде алғандар да бар. Сондықтан, халықаралық дәрежедегі төрешілерді шақырдық, – деді Қарағанды облысы MMA федерациясының президенті, Қазақстан MMA федерациясының вице-президенті Владимир Абросимов.

Кіл мықтылар бәсекесінде жерлесіміз Егор Желтовтың жүлдегі жанды. Айта кетейік, жерлесіміз әлем чемпионатының қола жүлдегері. Сонымен қатар, екі дүркін Азия, үш дүркін Қазақстан



чемпионы. Осы бәсекеде де қарсылас шақ келтірмей, 52 келі салмақ дәрежесінде ел чемпионы атанды.

– Осы спорт түрімен шұғылландырып келе жатқаным алты жылдан асты. Үш жылдан бері Yermolov fight team спорт клубында жаттығамын. Чемпионатта бес қарсыласпен жұлдырықтасып, алғашқы

төрт жекпе-жегімді мерзімінен бұрын аяқтадым. Ал, финалда алматылық спортшымен кездестім. Ақтық бәсеке оңайға соқпады. Қарсыласым осал емес. Бірақ, төрешілер шешімімен жеңіс маған бұйырды. Бұл менің қатысып отырған үшінші республикалық чемпионатым, – деді Егор Желтов.

Батыс Қазақстан облысы, Орал

қаласынан келген спортшылардың бірі Өркен Мұқанов та осы чемпионатқа тыңғылықты дайындалыпты. Бұл – спортшының мансабындағы алғашқы үлкен турнирлерінің бірі екен.

– Октогонға шығып жүргеніме екі жарым жылдай болды. Осындай ауқымды бәсекелерге бірінші мәрте қатысуым. Бұған дейін облыстық турнирлерге қатысып, жүлде алғаным бар. Қарағандылық қарсыласымнан ұпай айырмашылығымен жеңіліп қалдым. Тәжірибемнің аздығы көрінді. Алдағы уақытта дайындығымды күшейтіп, ел чемпионы атану үшін барымды саламын, – деді Өркен Мұқанов.

Жарыс қорытындысы бойынша облыс құрама командасының қоржыны жеті алтын, он бір күміс және сегіз қола жүлдемен толықты. Айта кетейік, осы турнирден I-II орын алған спортшылар Азия чемпионатына жолдама алды. Ал, ол жақтан бірінші орын алғандар әлем чемпионатына барады.

Лаура АМАНТАЙ, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті

Сурет ұйымдастырушылардан СУРЕТТЕ: Егор Желтов жаттықтырушысымен

КӨКПАР

Қар үстіндегі тайталас

Нұра ауданында ұлттық көкпар ойынынан JKL форматындағы турнир өтті. Тақымыз жігіттердің күрткі қар үстіндегі тайталасын тамашалауға жүздеген көрермен жиналды. Жарысқа төрт команда қатысты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

JKL форматындағы көкпардың ерекшелігі – өзара бәсекеге түсетін екі команданың әрқайсысынан бір мезгілде үш ойыншы сайыса жіберіледі. Команданың қалған мүшелері қосалқы ойыншының рөлін атқарып, қажет болған жағдайда алаңнан шығып кеткендердің орнына кіреді.

Ойынның қалған бөлігі дәстүрлі көкпар ойынының талабына сай болды. Бітеу сойылған серкенің ұшасын тақымға басқан жігіттердің ептілігі мен күш-жігері, шабандоздығы мен қажыр-қайраты бәсекеге түсті.

– Қыраулы қыстың ызғарына қарамай, көрермен біз күткендей гіден көп жиналды. Ойын өте қызықты, әсерлі болды. Жанкүйерлер өз командаларын қиқуласа қолдады, – дейді Нұра ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Самат Үсенбеков.

Тартысты өткен бәсекеңіз нәтижесінде додаға қатысқан төрт команда арасында орындар төмендегідей болып бөлінді: I орын – «Нұра» командасы (Нұра ауданы); II орын – «Құлагер» командасы (Нұра ауданы); III орын – «Құндызды» командасы (Осакар ауданы).

Турнирдің жеңімпаздары мен жүлдегерлері медальдармен, кубоктармен және Құрмет грамоталарымен марапатталды.

– Біз турнирге мығым дайындалдық. Өйткені, дайындық шала болса, жеңіске жетуің екіталай. Басқа командалар да өздерінің шеберлігін байқатты. Десе де, біздің команданың бағы мен бабы қатар шауып, бірінші орынды жеңіп алдық. Бапкерлеріміздің де еңбегін атап өткен жөн. Мұнымен тоқтамаймыз, бұл жеңіс бізді ынталандырып, құлшынысымызды арттыра түсті, – дейді жеңімпаз команда көкпаршылары.

ХОККЕЙ

«Сарыарқа» тағы сан соқты

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы плей-офф кезеңіндегі «Алматы» клубына қарсы өткізген екінші ойынында да жеңіске жете алмады. Ойынның негізгі бөлігінде 3:3 есебімен тең ойнап, овертайм уақытында жеңісті ұысынан шығарып алды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы болып, жерлестер есеп ашты. Ойынның 8-ші минутында қарсылас қақпасына Глеб Зайцев бірінші шайбаны тоғытты.

Осыдан кейін таблодағы есеп өзгермеді.

Екінші айналымында қарағандылық қақпашы Никита Акулинин қарсылас команда шабуылшысы Станислав Рангав пен Степан Штефаннның соққысын қайтара алмады. Осылайша қарсыластар екінші айналымда 1:2 есебімен алға шығып кетті.

Үшінші айналым басталысымен жерлестер шабуылды үдете түсті. Сәйкесінше, нәтиже де тіркелді. Бұл жолы қарсылас қақпасынан саңылау тауып, таңызы басын теңестірген – Руслан Демин. Бірақ, қарсыластар да қарап қалған жоқ. Қарымта шабуыл

жасап, ойынның 50-ші минутында үшінші шайбаны салды. Бұл жолы көзге түскен – Денис Гафаров.

Жерлестер сапынан 56-шы минутта Дмитрий Стулов тағы да есепті теңестірді. Чемпионат шарты бойынша – тең ойнау деген жок. Екі команданың бірі жеңуі – шарт. Сондықтан, ереже бойынша кездесу овертайм уақытына ұласты. Алайда, жерлестер соңғы мүмкіндігін де пайдалана алмады.

Осылайша қарағандылықтар төрт кездесудің екеуінде жеңіліп қалды. Бірақ, алда әлі екі ойын бар.

Сурет клубтың әлеуметтік желісіндегі парақшасынан



ORTALYQ QAZAQSTAN. Contact information, QR code, and subscription details.